



БІЗДІҢ ҚОЛДАУЫМЫЗ —
СІЗДІҢ ДАМУЫҢЫЗ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2017

1997



БІЗДІҢ ҚОЛДАУЫМЫЗ —
СІЗДІҢ ДАМУЫҢЫЗ



МАЗМҰНЫ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзі	02
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрағасының алғы сөзі	04
2017 жылғы негізгі корпоративті оқиғалар	06
Қызметтің корпоративтік көрсеткіштері	08
Қор туралы ақпарат	10
Даму қорының кезендері	12
Қор қызметінің географиясы	14
1. Даму стратегиясы	16
2. Қазақстандағы ШОК талдау. Даму келешегі	22
3. Қызметтің негізгі бағыттары	26
4. Қаржы нәтижелері	40
5. Қордың ақпараттық саясаты	42
6. Тәуекелдерді басқару	46
7. Корпоративтік басқару	52
8. Қордың тұрақты дамуы	68
9. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік	72
10. Қоршаған ортаны қорғау	76
11. Қайырымдылық	77
12. Жылдық қаржы есептемесі	78
1-қосымша	84
Мекен-жайлар және байланыстар	85

«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық бағыты экономиканы әртараптандыру, салаларды сандық жүйеге көшіру, қолда бар қуаттарды жаңарту, экспорттық әлеуетті арттыру есебінен Қазақстанды жан-жақты дамытуды көздейді. Бұл жолдағы негізгі бағыттардың бірі – жеке кәсіпкерлікті дамыту.

Жыл санап елімізде бизнес жүргізу айтарлықтай жақсарып келеді. Тек өткен 4 жылдың ішінде ғана кәсіпкерлікке қызмет көрсетуді түбегейлі жақсарту, рұқсат беру жүйесін жетілдіру мақсатымен заңнамаға 6 түзету қабылданған.

2018 жылдың 24 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев кәсіпкерлік қызметті реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгертулер енгізу туралы заңға қол қойды. Аталған құжат мемлекеттік бақылау функциясын 30%-ға қысқартуды көздейді. Бизнесі дамыту үшін барынша қолайлы жағдай жасау бойынша нормалар қосылған.

Барлық шаралар 2050 стратегиясындағы алға қоятын 2050 жылы шағын және орта бизнестің

үлесін 50%-ға дейін арттыру бойынша міндеттерге қол жеткізуге бағытталған.

Елімізде жүргізіліп отырған бизнес-климатты жақсарту бойынша реформалар халықаралық сарапшылар тарапынан оң бағасын алып отыр. Осылайша, Дүние жүзілік банк «Doing Business» рейтингісінде Қазақстан 2017 жылы 190 елдің арасында 36-шы орынға көтерілді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық даму институттары қазақстандық кәсіпорындарға көрсетілген қолдау көлемдерін жыл сайын арттырып отыр.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 2017 жылы шағын және орта бизнеске қолдау көрсету институты ретінде қаржылық бағдарламалар бойынша 549 млрд теңгелік 11 936 жобаға қолдау көрсетті.

Елбасының тапсырмасы бойынша 2017 жылдан бастап «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама халықтың кәсіпкерлік бастамасына қолдау көрсетуді, атап айтқанда жеңілдікпен микронесие беру арқылы кәсіпкерлік ынтаны арттыруды көздейді. Қор микронесиеу бағдарламаларын

іске асырудың негізгі операторларының бірі ретінде әрекет етеді.

БҰҰ Даму бағдарламасының, Жаһандық экологиялық қордың және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «жасыл» және энерготімді жобаларына қолдау көрсету бойынша бірлескен жобасының аясында «Даму» Қоры 3 млн АҚШ доллары сомасында гранттық ресурстар тартты.

Сонымен қатар, Қор отандық кәсіпкерлікке қолдау көрсетуді кеңейту мақсатымен халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді жұмыс істеуді жалғастырып отыр. Шағын және орта кәсіпкерлікті, оның ішінде әйелдер кәсіпкерлігін қаржыландыру үшін Еуропа қайта құру және даму банкінің 52 млрд теңге қаражаты және Азия даму банкінің 179,2 млрд теңге қаражаты тартылған. Оның ішінде 72 млрд теңге Даму Қорының қаражатын игеру 2017 жылдың соңынан бастап басталды. Аталған қаражаттар аясында 14 985 отандық бизнесмен қаржыландырылған. Несие сомасы 304 млрд теңгені құрады. Қолдау көрсетілген кәсіпорындар 8 568 жаңа жұмыс орындарын құрды.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 2017 жыл ішінде операциялық көрсеткіштер бойынша 15% астам өсімге қол жеткізді. Бір жыл ішінде

қаржыландырылған жобалардың саны 11 мыңнан асты, несиелер саны 548 млрд теңгені құрады. 2017 жылы Даму Қоры несиелерге кепілдік беру және кәсіпкерлердің несиелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау секілді шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау саласында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша жұмыстарда елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Қаржылық бағдарламалар бойынша жоспарларды артық орындаудың арқасында 2016 жылы Қордың алдына қойылған кәсіпкерлерді қаржыландырумен қамтуды арттыру бойынша міндеті толық жүзеге асты.

2017 жыл нәтижесі Қордың өз алдына қойылған міндеттерін тиімді іске асыруда қажет барлық ресурстарға ие екенін көрсетті. Бұдан әрі «Даму» Қорының қызметі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қолдау көрсету шараларының тиімділігін арттыруға, сондай-ақ көрсетілетін қызметтер сапасын жақсартуға бағытталатын болады.

**Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Орынбасары
Ерболат Досаев**

2017 жылдың нәтижелері Қордың өз алдына қойылған міндеттерін тиімді іске асыру үшін қажетті ресурстарға және құралдарға ие екендігін көрсетті.



«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ҚОРЫ» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Біз сіздерге «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының кезекті жылдық есебін ұсынамыз.

«Даму» Қорының қолданыстағы стратегиясы компанияның 2023 жылға дейінгі даму бағытын айқындайды. Өткен жылы өз даму стратегиямызды өзекті ету аясында біз Қордың жұмыс бағытын айқындадық. Біріншіден, жалпы ШОБ секторына қаржылай қолдау көрсетуді жалғастыра отырып, біз микро және шағын бизнес сегментінде бар күшімізді жұмылдырып, кәсіпкерлерді қаржылық бағдарламалармен қамту үлесін мақсатты түрде арттыруды жоспарлап отырмыз. Екіншіден, Қордың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін, біз бюджеттен тыс қаржыландыру көздерінен қаражат тартуды ұлғайтып, қызметтің жоспарланған қаржылық нәтижелеріне қол жеткізіп, негізгі бизнес-процестерді толық автоматтандыруды қамтамасыз етіп және корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін сақтаймыз.

2017 жылдан бастап Қор өзекті стратегияда белгіленген міндеттерді орындауды бастады. Өткен жылдың тамыз айынан бастап «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша Қор республикалық және жергілікті бюджеттерден ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерге микронесие беруге бөлінген 14,2 млрд теңге мөлшеріндегі қаражатты игеруді бастады және несиеге кепілдік береді.

Сырттан қаржы тарту аясында Қор Азия даму банкімен 72 млрд теңгеге несие келісімін жасады. Еуропа қайта құру және даму банкі 2017 жылы «Forte Bank» АҚ және «Kassa Nova Bank» АҚ-на «Даму» Қорының кепілдігімен жалпы сомасы 11,1 млрд теңге қаражат бөлген. Сонымен қатар, өткен жылы «Қазақстандағы төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» жобасы (ұлттық жағдайды ескере отырып, қалаларды төмен көміртекті дамыту үшін климаттың өзгеруінің әсерін жұмсарту шаралары) бойынша қазақстандық кәсіпкерлердің несие мөлшерлемелерін субсидиялау және кепілдік беру үшін 3 млн доллар БҰҰДБ қаражаты тартылған.

Сонымен қатар, біз банктерде, лизингтік компанияларда және микроқаржылық ұйымдарда қаражаттарды шартты түрде орналастыру бағдарламаларын іске асыруды жалғастырып отырмыз. 2017 жылы бұл бағдарламалар аясында 8 305 кәсіпкерге жалпы сомасы 230 млрд теңгенің несиесіне қолдау көрсетілді.

Өткен жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 2 287 жоба несие пайызын субсидиялау және 1 065 жоба несиеге кепілдік беру түрінде қолдау алды. Сонымен бірге біздің «Даму-Оптим» жеке кепілдік беру бағдарламымыз бойынша 122 шарт жасалды.

Бизнес-процестерді автоматтандыру аясында «Digital Damu» электронды супермаркетінің базасында Қордың өнімдерін іріктеу процесі, операциялық тәуекелдер бойынша деректерді автоматты жинау және тіркеу, Қордың уәкілетті органдарымен шешім қабылдау (материалдарды дайындаудан бастап, тапсырмаларды

орындауға дейін), кадрлық іс қағаздарын жүргізу, барлық бухгалтерлік өкімдерді электронды форматқа аудару секілді бастамалар жүзеге асырылды.

2017 жылы желтоқсанда ЕЭЫДҰ стандарттарының және үздік қазақстандық тәжірибе негізінде әзірленген Қордың Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

Жалпы «Даму» Қорының ШОБ қаржылай қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру және бөлінген қаражаттарды басқару бойынша жемісті жұмысы 2017 жылдың соңында 4,1 млрд теңге мөлшерінде қаржылық оң нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етті.

Таяу жылдардағы біздің басты мақсатымыз – елдің барлық аймақтарында қаржы құралдарын пайдала отырып, кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламаларын тиімді іске асыру, жаңа өнімдерді әзірлеу және бизнес-процестерді автоматтандыру.

Біздің алдымызда үлкен міндеттер тұр. Мен Қордың ұйымшыл және кәсіпқой ұжымы барлық жобаланған мақсаттарды орындайтынына және Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту мен нығайтуда өз үлестерін қосатынына сенімдімін.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Басқарма Төрағасы
Абай Сарқұлов**

БІЗДІҢ ҚОЛДАУЫМЫЗ —
СІЗДІҢ ДАМУЫҢЫЗ

2 287 ЖОБА

2017 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КОРПОРАТИВТІ ОҚИҒАЛАР

14,1 МЛРД ТҒ

«Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы бойынша «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қаржы агенті ретінде таңдалды. 2017 жылы Қор ҚР 16 аймағына жалпы сомасы 14,183 млрд теңге қаражат тартылды. Оның ішінде 11,9 млрд теңге 9 ЕДБ/МҚҰ-на салынды.

3,5 МЛРД ТҒ

Еуропа қайта құру және даму банкінен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кепілдігімен «Банк «Kassa Nova» АҚ үшін 11 млн АҚШ доллары (3,585 млрд теңге) мөлшерінде қаражат тартылды.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ III КӨРМЕСІ

2017 жылы 28-30 аралығында Астана қаласында мемлекеттен қолдау алған қазақстандық өндірушілердің «Қазақстанда жасалған» атты III көрмесі өткізілді. Көрмеге Қордың 210 клиенті қатысты. 3 күн ішінде көрмеге 6 мыңнан астам адам келген. Форум-көрме аясында бизнесті дамыту және сатылымдарды арттыру бойынша 4 тегін шеберлік-сабақтары өткізілді. Іс-шара аясында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп отандық тауар өндірушілерінің «Ұлы дала елі» атты III форумы өткізілді.

MOODY'S РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІГІ

2017 жылдың қорытындысы бойынша Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на жаһандық шкала бойынша «Ваа3» деңгейінде несие рейтингін берген, қаржылық тұрақтылық рейтингі бойынша болжам – «тұрақты». Бір мезгілде Moody's рейтингтік агенттігі «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ-на «Аа1.kz» деңгейінде ұлттық ұзақ мерзімді рейтингін берген.

2017 ЖЫЛЫ ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАН ҚҰЖАТТАР:

- SME Corp. Malaysia (Малайзия) және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арасында өзара түсіністік туралы меморандум;
- BPI France (Франция) және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум;
- Кореяның Шағын және орта бизнес корпорациясы («Small and medium Business Corporation») (Корея) мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арасында қаржылай емес қолдау бағдарламасын іске асыру шегінде өзара ынтымақтастық туралы келісім;
- «Татарстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау қоры» коммерциялық емес микронесие компания (Татарстан, Ресей Федерациясы) мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арасында ынтымақтастық туралы келісім.

«FINANCING SMES AND ENTREPRENEURS – AN OECD SCOREBOARD»

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) «ШОК және кәсіпкерлерді қаржыландыру» («Financing SMEs and Entrepreneurs – an OECD Scoreboard») жыл сайынғы зерттеуін дайындауға қатысты. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бастамасының арқасында Қазақстан 2016 жылдан бастап аталған зерттеуге қатысатын елдердің тізіміне кірді.

X АСТАНАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫ

2017 жылдың 16 маусымында Қор Х Астаналық экономикалық форумы аясында «Бизнестің бәсекеге қабілеттілігінің өсуі үшін жаңа мүмкіндіктер» атты панельдік сессия өткізді: Сессияның жұмысына Қордың серіктестері – КОСГЕБ (Түркия), KODIT (Оңтүстік Корея), Шағын және орта бизнес корпорациясы (Малайзия), BPI France (Франция), ПАРП (Польша), Татарстан Республикасының кәсіпкерлікті қолдау қоры және басқалар қатысты.

1,0 МЛРД ТҒ


2017 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ «Қазақстандағы төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» жобасының аясында грантқа қаржы тарту арқылы Қазақстан Республикасының энерготииімді қалалық инфрақұрылымының инвестицияларды ынталандыру механизмін іске асыру үшін 3,0 млн АҚШ доллары (1,0 млрд теңге) сомасында Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму Бағдарламасының қатысуымен Жаһандық экологиялық қордан тартылған өтеусіз грантына қатысты ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

72 МЛРД ТҒ


72 млрд теңге сомасына несие желісін ашу туралы Азия Даму Банкімен келісім жасалды (200 млн АҚШ доллары).

ҚЫЗМЕТТІҢ КОРПОРАТИВТІ КӨРСЕТКІШТЕРІ


1-кесте
ROA*




2-кесте
ROE



3-кесте
Қызметтің пайдалылығы*



4-кесте
Баланс көрсеткіштері, млрд теңге



548,5 МЛРД ТҒ

548,49 млрд теңге қаржы бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған.

ҚКК атауы	Өлш. бірл.	2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл	
		дерек	дерек	жоспар	дерек	жоспардың орынд %	
Қаржы бағдарламалары бойынша кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қаражаттар көлемі*	млрд теңге	523,7	606,0	630,0	548,49	87	
Қаржы бағдарламаларына қатысушылардың саны	бірл.	6 186	13 217	5 626	11 936	212	
Құрылған жұмыс орындарының саны	адам	25 900	23 415	24 987	25 059**	100	
Нарықтағы белсенді ШОБ субъектілерінің ішіндегі қолдау көрсетілген ШОБ субъектілерінің үлесі	%	6,4	5,3	4,8	5,1	106	
КҚО клиенттерінің саны	адам	71 786	90 923	71 000	74 132	104	
Қашықтан көрсетілетін қызметтерді алған клиенттер саны	адам	59 705	54 765	63 875	63 829	100	

* 2017 жылы несиелі қоржыны көлемінің азаюы жалпы сипаттағы трансферттердің шегінде субсидиялауға бөлінген бюджеттік қаражаттардың тапшылығымен байланысты. Бір қарыз алушыға сәйкес келетін несиелі қоржынының шағын үлесімен микро- және шағын бизнес жобаларының есебінен субсидияланған қарыздарды қосымша қамту артқан.

** Қордың есептері бойынша болжалды мәліметтер.

* «ROA» көрсеткіштерінің деңгейінің төмендеуі, «Қызметтің пайдалылығы» 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы таза табыстың деңгейінің төмендеуімен байланысты (2017 жылы таза табыс – 4,1 млрд теңге, 2016 жылы – 5,6 млрд теңге). Табыс деңгейіне «Казинвестбанк» АҚ мен «Delta Bank» АҚ дефолтымен байланысты АДБ 3-ші траншының шегінде әділ құны бойынша валюталық свопты қайта бағалау шығындарындағы көрінісі, сондай-ақ АҚШ долларына қатысы бойынша теңгенің курсымен байланысты өзгерістер әсер еткен. СВОП қайта бағалау бойынша тұжырылған нәтиже теріс болған және шығындарда көрсетілген.

ҚОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – қаржылай қолдау көрсету арқылы Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті сапалы дамытуға көмек көрсетуді көздейтін Ұлттық даму институты.

Қор кәсіпкерлерге арналған өнімдер мен қызметтердің ауқымды спектрін ұсынады: екінші деңгейлі банктер, микроқаржылық ұйымдар және лизингтік компаниялар арқылы несиелер беру бағдарламалары шегінде қаржыландыру, пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау, кепілдік беру, консультациялық қолдау, ақпараттық-талдау материалдары.

Біз қандай қолдау құралдарын ұсынамыз?

Құралдар	Жобаларға қолдау көрсетілді	Несиелер сомасы
Бизнесті 6% теңгемен мөлшерлеме бойынша кейінгі несиелеу үшін ЕДБ және МҚҰ қор құрау	36 мың	1 671 млрд теңге
Кәсіпкерлердің ЕДБ алдындағы несиелеріне несиелер сомасынан 85%-ға дейін кепілдік беру	3,7 мың	130 млрд теңге
Несие бойынша 7 бастап 10% дейінгі пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	11,2 мың	2 068 млрд теңге

БИЗНЕС-ҮЛГІ



ДАМУ ҚОРЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ

1997 – 2007

- АДБ және ЕҚҚДБ желісі бойынша шағын бизнесті қолдау бағдарламаларының агенттік функциялары
- ШОКС тікелей несиелеу
- Филиал желісін құру

Қор бағдарламаларының нәтижелері:

- 2,6 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілген
- Берілген несиелердің сомасы 27,5 млрд теңгені құрады

ШОБ статистикасы:

- 643 мың ШОБ субъектілері
- 2,1 млн адам ШОБ жұмыспен қамтылған
- ҚР ЖІӨ ШОБ үлесі 10,7%

2008 – 2009

Қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламалары:

- ШОБ тұрақтандыру бағдарламасы
- «Даму-Өндіріс»
- «Даму-Регионы»

Қор бағдарламаларының нәтижелері:

- 10 мыңнан астам жобаларға қолдау көрсетілген
- Берілген несиелердің сомасы 521 млрд теңгені құрады

ШОБ статистикасы:

- 662 мың ШОБ субъектілері
- 2,6 млн адам ШОБ жұмыспен қамтылған
- ҚР ЖІӨ ШОБ үлесі 17,7%

2010 – 2015

«Бизнестің жол картасы 2020»:

- мөлшерлемелерді субсидиялау
- несиелерге кепілдік беру

Қаражаттарды шарттасып орналастыру:

- өңдеу секторындағы ШОБ қолдау көрсету (6%)
- Әйелдер кәсіпкерлігіне қолдау көрсету
- АДБ, ЕҚҚДБ қаражаттарының есебінен ШОБ арналған құралдар

Қаржылай емес қолдау көрсету

Қор бағдарламаларының нәтижелері:

- 27 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілген
- Берілген несиелердің сомасы 2,1 трлн теңгені құрады

ШОБ статистикасы:

- 1,2 млн ШОБ субъектілері
- 3,2 млн адам ШОБ жұмыспен қамтылған
- ҚР ЖІӨ ШОБ үлесі 24,9%

2016 ж. бастап

«Бизнестің жол картасы 2020»

Қаражаттарды шарттасып орналастыру:

- Аймақтық қаржыландыру (8,5%), микро-несиелеу, факторинг, франчайзинг

Кәсіпкерлерге қызмет көрсетудегі жаңа тәсілдер:

- «Даму Блиц» технологиясы
- Кепілдік беру бойынша өтінімдерді қабылдауды/қарастыруды автоматтандыру

Қор бағдарламаларының нәтижелері:

- 45 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілген
- Берілген несиелердің сомасы 3,3 трлн теңгені құрады

ШОБ статистикасы:

- 1,2 млн ШОБ субъектілері
- 3,1 млн адам ШОБ жұмыспен қамтылған
- ҚР ЖІӨ ШОБ үлесі 26,8%

2017 ж. бастап

- «Еңбек» бағдарламасы
- «Нұрлы жер» бағдарламасы

Қор бағдарламаларының нәтижелері:

- 50 мыңнан астам жобаға қолдау көрсетілген
- Берілген несиелердің сомасы 3,9 трлн теңгені құрады

ШОБ статистикасы:

- 1,1 млн ШОБ әрекет етуші субъектілері
- 3,1 млн адам ШОБ жұмыспен қамтылған
- ҚР ЖІӨ ШОБ үлесі 25,6%

ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ ГЕОГРАФИЯСЫ

Қор Қазақстанның барлық аумақтарында ұсынылған. Аймақтық желіні барлық облыс орталықтарындағы, сонымен қатар, Астана және Алматы қалаларындағы 16 филиал құрайды. Сондай-ақ, кәсіпкерлерді қолдау инфрақұрылымын Кәсіпкерлерге қызмет көрсететін 18 орталық, 14 Мобильді кәсіпкерлікті қолдау орталықтары ұсынады. Кеңес беру бағдарламалары аясында Қор Қазақстанның барлық 204 қаласы мен аудандарын қамтиды.


ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бағалы қағаздың түрі	Жай акциялар
ҮСН	KZ1C49420017
Шығарылымды тіркеу күні	09.04.2012
Номиналды құны*	100 000 теңге
Жарияланған акциялардың саны	27 462 244
Орналастырылған акциялардың саны	27 462 244
Акционерге тиесілі акциялардың саны	27 462 244
Акционер туралы ақпарат	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Орналастырылған акциялардан Акционердің үлесі	100%
Дауыс беретін акциялардан Акционердің үлесі	100%

* Акцияларды соңғы орналастыру құны.

Қор тек жай акцияларды шығарады. Жай акция Жалғыз акционерге оның қарастыруына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау құқықын береді.

Сонымен қатар, жай акция Жалғыз акционерге Қорда таза кіріс болған жағдайда дивидендтерді алу және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп бойынша Қорды тарату кезінде Қор мүлкінің бір бөлігін алу құқықын береді.



Мобильді КҚО:

- 14 МКҚО
- 10 мың клиент
- 12,7 мың қызмет

Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары:

- 18 КҚО (барлық облыс орталықтарында, Астана, Алматы, Семей, Түркістан қалаларында)
- 64 мың клиент
- 87 мың қызмет



ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ, КӨРІНІСІ

Қордың миссиясы

Қордың миссиясы кешенді және тиімді қолдау құралдарын іске асыру арқылы Қазақстанда микро-, шағын және орта кәсіпкерліктің (МШОК) тұрақты дамуында белсенді рөл атқарады.

Қордың көрінісі


2023 жылғы Қордың көрінісі – Ұлттық даму институты – МШОК қолдау және дамыту бойынша бағдарламалардың бастамашысы және іске асырушысы.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Қордың даму стратегиясы Қазақстанның МШОК секторын дамытуға бағытталған және МШОК дамытудың мемлекеттік те, және жеке бағдарламаларын да табысты және тиімді іске асыру тәжірибесін ескереді. Қордың МШОК-а қолдау көрсетуде 20 жылдық тәжірибесі және алға қойылған мақсаттар мен міндеттері және КПЛ қол жеткізу және даму стратегиясын тиісті іске асыруды арттыру үшін пайдаланылатын басқа да бірқатар күшті тұстары бар.

ҚОРДЫҢ 2023 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ


№	Стратегиялық бағыттар	Стратегиялық міндеттер
1.	Іс бастаушы және бизнесі бар кәсіпкерлерге қолдау көрсету және дамыту	Микробизнесі несиелеуді кеңейту, МҚҰ және несие серіктестіктеріне қолдау көрсету құралдарын әзірлеу және іске асыру Әрекет етуші МШОК Қордың қаржылық бағдарламаларымен қамту үлесін арттыру Қолдау көрсетілетін МШОК кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін арттыру
2.	Қордың тұрақты институционалдық дамуы	Қосымша қаржыландыру көздерінің қаражаттарын тарту Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу Бизнес-процестерді автоматтандыру Корпоративтік басқару деңгейін арттыру




МИКРОҚАРЖЫЛАНДЫРУ СЕКТОРЫ

Микроқаржыландыру секторы Қазақстандағы қарқынды дамып отырған секторлардың бірі болып табылады. Микроқаржы ұйымдары микро- және шағын бизнестің субъектілері үшін талап етілген қаржыландыру көзі. Дегенмен, микроқаржы секторында жоғары пайыздық мөлшерлеменен, несие ресурстарының қолжетімділігімен, қарыз алушылардың төлем қабілеттілігімен және басқалармен байланысты бірқатар мәселелер бар.

5-кесте
Қордың несиесі қоржынындағы МҚҰ қоржынының үлесі, %



6-кесте
Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санынан микро- және шағын кәсіпкерлердің үлесі, %



* Осы ПЭК бойынша жоспар 2017 жылы асыра орындалған.

НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерге қолдау көрсету және дамыту

1. Микробизнесі несиелеуді кеңейту, МҚҰ және несиесі серіктестіктеріне қолдау көрсету құралдарын әзірлеу және іске асыру

Микроқаржыландыру секторы Қазақстандағы қарқынды дамып отырған секторлардың бірі болып табылады. Микроқаржы ұйымдары – (жоғарыда және бұдан әрі – МҚҰ) микро- және шағын бизнесінің субъектілері үшін талап етілген қаржыландыру көзі. Дегенмен, микроқаржы секторында жоғары пайыздық мөлшерлеменен, несиесі ресурстарының қолжетімділігімен, қарыз алушылардың төлем қабілеттілігімен және басқалармен байланысты бірқатар мәселелер бар. Жоғарыда аталған мәселелерді шешуге мемлекет тарапынан тиісті шаралар қолданылуы тиіс.

Қордың бұл бағыттағы қызметі микроқаржы секторына және несиесі серіктестіктеріне ары қарай несиесі беру үшін сыртқы қарыз тартуға, сондай-ақ әлеуетті микроқаржы ұйымдарына – Қордың бағдарламалары бойынша болашақ қарыз алушыларға кәсіби сараптамалық кеңес беру мен қолдау көрсету бағыты бойынша стратегиялық серіктестерді іздеуге шоғырландырылатын болады (5, 6-кесте).

2. Бизнесі бар МШОК Қордың қаржылық бағдарламаларымен қамтуды арттыру

■ МШОК субъектілерін ЕДБ, ЛК, МҚҰ арқылы қаржыландыру

Қор МШОК субъектілерін кейіннен несиелеу үшін қаржы институттарында қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламалары бойынша мемлекеттік қаражаттарды басқару бойынша оператор болып табылады. Қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламалары – Қазақстанда МШОК субъектілерін қаржылық қолдау бойынша мемлекеттік саясатты іске асырудың құралдарының бірі.

Қаржы институттарында қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламаларын ары қарай іске асыру ЕДБ, ЛК, МҚҰ қосымша қорландыру және сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшері бойынша шектеулі шарттарды белгілеу арқылы МШОК субъектілері үшін несиесі ресурстарының қолжетімділік деңгейін арттыруға, сондай-ақ, аймақтық және салалық тұрғыда несиелерді бөлу диспропорциясын қысқартуға септігін тигізеді.

■ Жаңа, тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңартуға және кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін берілетін жаңа/қолданыстағы несиелер/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің бір бөлігін субсидиялау
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау «Бизнесінің жол картасы 2020» бизнесіні қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. «Бизнесінің жол картасы 2020» бизнесіні қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын жүзеге асыру барысында субсидиялау құралы кәсіпкерлердің арасында танымал болып отыр, экономиканың басым секторларында несиесі тарту тұрғысынан нәтижелілікті көрсетті.

■ МШОК субъектілерінің несиелеріне кепілдік беру

Қор МШОК несиесі ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін Қордың талап етілген өнімдерінің бірі ретінде кепілдік беру құралдарын іске асыру бойынша белсенді жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр. Қор «Бизнесінің жол картасы 2020» бизнесіні қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын іске асыру шегінде несиелерге кепілдік беру, және де «Даму-Оптим» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша агент ретінде жұмысты жалғастырады.

■ Жаңа бағдарламалар

Кәсіпкерлерге қолдау көрсетудің жаңа бағдарламаларын, сондай-ақ осы салада басқа жобалар қатарын, 2020–2023 жылдарға қоржындық кепілдіктер бағдарламасын, «Еңбек» Бағдарламасы бойынша несиелерге/микронесиелерге кепілдік беру және қаржыландыру, Зияткерлік меншікті сатып алу бойынша мәмілелерді қаржыландыру бағдарламасын, Электронды коммерцияны, санды платформаларды және олардың экожүйелерін қаржыландыру бағдарламасын, крауд-фандингтік/краудинвестициялық платформалармен ынтымақтастықты «Digital DAMU» супер-маркетін енгізуді, қашықтан оқыту жобасын іске асыруды, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін пакеттік шешімдерді, кеңесшілердің жұмысын қайта форматтауды әзірлеп, жүзеге асырылады.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

	2017 ж. (дерек)	2018 ж. (жоспар)	2023 ж. (жоспар)
Қаржылық қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің нарықтағы әрекет етуші МШОК субъектілерінің жалпы санына үлесі (мемлекеттік бағдарламалар/Қордың бағдарламалары), %	3,2	3,5	10
Жаңа жобалардың және еңбек өнімділігін арттыру мен өткізу нарығын кеңейтуді ескере отырып, қолданыстағы өндірістерді жаңарту және кеңейту бойынша жобалардың саны (мемлекеттік бағдарламалар/ Қордың бағдарламалары), бірл.	36 533	44 200	128 000
Олардың шегінде Қордың қолдау көрсету құралдары көрсетілген тұрғын үй көлемі, мың кв. м.	–	50**	–*
Қордың несиесі қоржынындағы жеке сектордың үлесі, %	100	100	100

* ҚНҚ жоспары 2018–2019 жылдарға белгіленген.

** ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысына сәйкес.

3. Қолдау көрсетілетін МШОК кәсіпорындарының экономикалық тиімділігін көтеруді қамтамасыз ету


Қор шағын және орта бизнесінің субъектілеріне мемлекеттік қаржылық қолдау шараларының негізгі операторы ретінде әрекет ете отырып, Қор жүзеге асыратын бағдарламаларға қатысушылардың тиімділігін арттыру бойынша талаптар енгізу мәселелеріне көңіл бөледі.

«Бизнесінің жол картасы 2020» бизнесіні қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының және Қордың қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламасы аясындағы мемлекеттік қолдау – қазақстандық бизнесіні кеңейту мен дамытуда елеулі көмек. Қор жаңа бағдарламалар аясында қатысушылардың тиімділігін арттыру бойынша талаптар енгізуді және Қор бағдарламалары арқылы қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің экономикалық тиімділігінің есебі мен мониторингін автоматтандыруды жоспарлайды (7, 8-кесте).


2023 жылға дейін Қор мемлекеттік бағдарламалардың, соның ішінде «Бизнесінің жол картасы 2020» бірыңғай бағдарламасының, «Нұрлы жер», «Еңбек» бағдарламаларының аясында агенттік қызметті орындауды жалғастырады. 2017–2023 жылдар үшін мемлекеттік бағдарламалар желісі бойынша МШОК қолдау көрсетілген субъектілерінің санын 16,9 мың бірліктен 32 мың бірлікке дейін көбейтуді жоспарлайды.

Сондай-ақ Қор азық-түліктік желіде жеке бағдарламаларының, оның ішінде халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаттарының есебінен, меншікті капиталының есебінен, банктермен және жергілікті атқару органдарымен ортақ қаржыландыру және несиелерге кепілдік беру есебінен

7-кесте
Қордың қолдауын алған кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнімнің көлемі, млрд теңге




8-кесте
Қордың қолдауын алған кәсіпкерлік субъектілерімен төленген салықтардың өсімі, млрд теңге




* Қордың есептеулері бойынша болжалды мәліметтер.

9-кесте
Есептік жыл ішіндегі жалпы қарыз алу құрылымында мемлекеттік қарыз алу көздерінің үлесі, %



* Деректер қол қойылған несие келісімдерін ескере отырып есептелген.

10-кесте
Борыш/Капитал



МШОК қаржыландыру және микронесие беру бағдарламаларының үлесін арттыратын болады. 2017–2023 жылдар ішінде жеке бағдарламалар желісі бойынша қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің санын 15,7 мыңнан 96 мыңға дейін көбейту жоспарланып отыр.

ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ДАМУЫ

1. Қосымша қаржы көздерінен қаражат тарту

Қор Қазақстанда МШОК дамыту және МШОК қаржылық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету аясында 2017–2023 жылдары бюджеттік қаражаттардың есебінен де, және де мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің есебінен де іске асырылатын қолданыстағы және жаңа қаржылық бағдарламаларды белсенді іске асыруды жалғастырады. Мемлекеттік емес қарыз алу көздерін тарту бойынша жұмыстарды белсендіру бөлігінде Қор ағымдағы серіктестерімен- АДБ, ЕҚҚДБ және Еуропа инвестициялық банкі секілді халықаралық қаржы институттармен жұмысын жалғастырады, сондай-ақ халықаралық қаржы институттары және инвестициялық қорлар секілді жаңа әлеуетті инвесторлармен ынтымақтастықты жолға қояды. Сонымен қатар, Қор «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік кепілдігін қамтамасыз ету ретінде пайдалану секілді тартылатын ресурстардың құнын төмендетуге себін тигізетін қолжетімді құралдарды, сондай-ақ валюталық тәуекелдерді төмендетудің қолжетімді құралдарын айқындауды жоспарлап отыр (9, 10-кесте).

2. Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу

Аталған міндетті іске асыру үшін Қор жоспарлау мен бюджеттендірудің бірыңғай тәсілдерін енгізу, басқару есептемесі жүйесін құру, қызметтің негізгі көрсеткіштерін белгілеу бойынша жұмыстар жүргізеді. Кірістерді, шығыстар мен қолданылатын активтердің бөлек есебінің жүйесін енгізу, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарды жүргізу жоспарланған (11, 12-кесте).

3. Бизнес-процестерді автоматтандыру

Бизнес-процестердің ең жоғарғы нәтижелілігіне және тиімділігіне қол жеткізу мақсатында Қорда бизнес-процестерді басқару жүйесін құру, яғни бизнес-процестерді жобалау және басқару арқылы бизнесті ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізіледі. Аталған жүйе Қордың Стратегиясымен бизнес-процестерді іске асыруды қамтамасыз ете отырып, оны «үйлестіруге» мүмкіндік береді. Фронт-және қызмет көрсететін бизнес-процестерді автоматтандыру бойынша жұмыс жалғастырылып отыр.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2017 ж. (дерек)	2018 ж. (жоспар)	2023 ж. (жоспар)
Қордың негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру, %	62,5	60 кем емес	100




4. Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

Аталған міндетті іске асыру аясында Қор көрсетілген қызметтердің сапасын бағалау жүйесін ендіру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Қор қызметінің жариялылығын қамтамасыз ету, коммуникациялық қызметті серіктес, қоғамдық ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдары, МШОК саласында халықаралық ұйымдар дамуының аналитикалық зерттеулерін сараптамалық сүйемелдеу (ЭЫДҰ және ары қарай) бойынша, сондай-ақ қызметкерлер құрамын дамыту саласында жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2017 г. (дерек)	2018 г. (жоспар)	2023 г. (жоспар)
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметімен МШОК субъектілерінің сенімі мен қанағаттанушылығын бағалау, %	—*	80 кем емес	80 кем емес


* Деректерді алу 2018 жылдың маусым айының соңына жоспарланған.

11-кесте
ROA (ең төменгі оң мәннен төмен емес), %



* ҚНҚ бойынша жоспар 2017 жылы асыра орындалған.

12-кесте
Жалпы активтерден несие қоржынының үлесі, %



2 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ТАЛДАУ. ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

2016 жылы Қазақстанда тіркелген ШОК субъектілері 2,3%-ға яғни 1 601-ге дейін өскені байқалады. Елдегі шаруашылық субъектілерінің жалпы санындағы үлесі 96,8%-ға дейін өскен. Салалық тұрғыдан қызмет көрсету, өңдеу өнеркәсібі, өнеркәсіптің басқа түрлері, білім беру және құрылыс салаларында да ең жоғарғы өсім байқалады. ШОК ретінде тіркелген субъектілер саны жағынан көлік және қоймада сақтау салаларында өсім азайған.

Бизнесі бар кәсіпкерлердің саны 3,3% қысқарды (13-кесте).

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің мәліметтері бойынша 2017 жылдың соңына жұмыспен қамтылған халық 8 585 мың адамды құрады. Бұл ретте 2018 ж. 01 қаңтарына ШОК жұмыспен қамтылғандардың саны – 3 145 мың адам (барлық жұмыспен қамтылғандардың 36,6%). Өткен жылмен салыстырғанда ШОК-те жұмыспен қамтылғандардың саны 0,7% қысқарды (14-кесте).

Соңғы 6 жыл ішінде Қазақстандағы ЖІӨ өсіп келеді. 2017 жылы Қазақстанның ЖІӨ 4,0% өсті және 51 967 млрд теңгені құрады. Тауар өндіру ЖІӨ 36,4% құрайды (олардың ішінде 26,5% – бұл өнеркәсіптік өндіріс), қызметтерді көрсету – 57,5%, өнімдерге салынатын салықтар – 6,5%.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің мәліметтері бойынша ШОК өнімдері 2017 жылы 21 148 млрд теңгені құрады. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш (салыстырмалы түрде) 0,4%-ға өсті. 2017 жылы ШОК өнімдері көлемінің 68,2% шағын кәсіпорындар шығарған, 18,9% – орта кәсіпорындар және тағы 7,3% – жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары. ШОК ЖІӨ-ге жаппай қосылған

құнының үлесі 2017 жылы 25,6% бағаланады (15-кесте).

Кәсіпкерлікті несиелендіру көрсеткіштері және Қордың несиелендірудегі үлесі

2017 жылы банктік несиелендіру көлемінің 1,0%, 10,8 трлн теңгеге өскеніне қарамастан, кәсіпкерлік мақсаттарға несиелендіру бойынша 3,6% қысқару, шағын кәсіпкерлікке несиелендіру бойынша 23,2% қысқару байқалады (16-кесте).

2017 жылы Қор ЕДБ, ЛК, МҚҰ қаражатты шарттасып орналастыру, кәсіпкерлердің несиелендіру сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау және несиелерді кепілдендіру бағдарламаларының іске асыруды жалғастырды.


2017 жылдың аяғында «Еңбек» бағдарламасының аясында Қор әкімдіктердің жалпы сомасы 11,9 млрд теңге қаражатын ЕДБ және микроқаржы ұйымдарында орналастыра отырып, микрокәсіпорындарға қолдау көрсетуді бастады. Жылдың қорытындысы бойынша аталған қаражат есебінен несиелендіру құны 4,8 млрд теңге болатын 452 жобаға қолдау көрсетілген.

Жалпы, Қордың бағдарламаларына қатыса отырып, өткен жылы жеке кәсіпкерлік субъектілері 549 млрд теңге несиеленді алған. Кәсіпкерлік мақсаттарға банктік несиелендіру берудің жалпы сомасында Қор бағдарламаларының қатысушыларына берілген несиелердің үлесі 7% құрады. Мұндай төмен үлес Қор бағдарламалары бойынша несиелендіруде экономиканың басым секторларымен шектелетіндігіне байланысты. Яғни екінші деңгей банктер несиелерінің шамамен 50%-ына ие сауда мен құрылыс саласы экономиканың басым секторына жатпайды.

Қор салымдарын қарастыру кезінде экономиканың басым секторларын қаржыландыруға назар сала отырып, 16,6% дейін жоғарылау байқалады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 0,2 тармаққа жоғары (17-кесте).


Қордың өңдеу өнеркәсібіндегі несиелендіру үлесі 2016 жылғы 21% дан 2017 жылы 17% дейін төмендеген.

13-кесте
ҚР тіркелген ШОК субъектілерінің санының динамикасы



Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (www.stat.gov.kz).


14-кесте
ҚР жұмыспен қамтылған халық санының динамикасы



— ШОК жұмыспен қамтылған халық үлесі, % (оң жақ ось)
 ■ Экономикада жұмыспен қамтылған халық, мың адам
 □ ШОК жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (www.stat.gov.kz)

15-кесте
ҚР ЖІӨ және ШОК өнімдерін шығару динамикасы



— ЖІӨ ШОК ЖҚҰ үлесі, % (оң жақ ось)
 ■ ЖІӨ, млрд теңге
 □ ШОК өнімдерді шығаруы, млрд теңге

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті (www.stat.gov.kz)

Төмендеу 2014–2015 жылдардағы Ұлттық қордың қаражаттарының есебінен өңдеу өнеркәсібінде ШОКС қолдау көрсету бағдарламаларының аясында бөлінген қаражаттарды игеруді аяқтаумен байланысты (18-кесте).

ЕДБ қарыз алушыларының құрылымында Қор бағдарламалары бойынша қаржыландырылған клиенттерінің үлесі 17% құрады.

Қаржылық қолдау бағдарламаларымен қатар 2017 жылы Қор кәсіпкерлерді оқыту және консультациялық қолдау бағдарламаларын іске асыру бойынша жұмысын жалғастырды.

2017 жылы edu.damu.kz веб-платформасының базасында «Кәсіпкерлікті дамытуға қашықтан қолдау көрсету» жобасы іске қосылды, оның аясында 3 337 адам оқыды.

Есептік кезеңнің соңына, «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында жүзеге асырылатын «ШОК топ-менеджментін оқыту» компонентінің аясында тыңдаушылардың саны 2 525 кәсіпкерді құрады, оның ішінде 2017 жылы 421 адам оқыды.

2017 жылы Кәсіпкерлерге қызмет көрсететін 18 орталыққа 64 мың адам жүгінген, оларға 87 мыңнан астам кеңес берілген. Аудандар бойынша 14 облыста Кәсіпкерлікке мобильді

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШОК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫҢ 2018 ЖЫЛДАҒЫ ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

2018–2022 жылдары Қазақстан экономикасының даму қарқыны ҚР ҰЭМ болжамдары бойынша жыл сайынғы ілгерілеумен 3,1–4,2% құрайды. Ведомствоның болжамы бойынша оның ішінде 2018 жылы экономиканың өсімі 3,1%-ды құрауы тиіс.

Қазақстанның экономикасы әлемдік экономиканың өсуінің қалыпты қарқынының деңгейінде дамиды болады, Халықаралық валюта қорының нақтыланған бағамдауы бойынша, 2018–2019 жылдары ол жылына 3,9% құрайды. Өсімнің сақталуына сұранысты біртіндеп қалпына келтіру, сондай-ақ шикі-

қолдау көрсету орталықтары жұмыс істейді. Аталған орталықтарға 10 мың клиент жүгініп, шамамен 12,7 мың кеңес берілген.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары ЕДБ/лизингтік компания мен/МҚҰ ЖКС Қордың құралдары бойынша қаржылай қолдау алуға өтінімдерді мақұлдауға дейін 2 581 жобаны сүйемелдеген.

«Жаңа бизнес ашуға қолдау көрсету» жобасының аясында 2017 жылы 1 401 адам оқыған, олардың ішінде 189-ы кейіннен өз бизнесін ашқан. Сондай-ақ оқығандардың ішінде 22 жоба Қордың қаржылық құралдарына қатысуға мақұлдау алған.


«Startup Академия» жобасы бойынша 2017 жылы 419 адам оқыды және акселерациялық қолдау алды. Оқығандардың ішінде 56 адам өз бизнесін ашты. Осылайша 97 жұмыс орны құрылды. Барлық оқушылардың арасында 47-сі Қордың қаржылық бағдарламаларына тартылған, 49-ы жеке инвестициялар мен гранттар түрінде қолдау алған.

2017 жылы «Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік дағдысын дамыту» жобасының аясында мүгедектігі бар 307 әйел оқыды. Олардың ішінде 45-і жұмыспен қамтылған және бесеуі өз бизнесін ашты.

зат тауарларына бағалардың сақталуы себін тигізетін болады. Сонымен қатар валюталық қорды неғұрлым жоғары арттыру (5,0–8,4% деңгейінде), халықтың тұтынысының қалыпты және тұрақты өсімінің (2,0–2,5% деңгейінде) және таза экспорттың (2,2–2,6% деңгейінде) есебінен тұрақты және ілгерілемелі экономикалық динамика болады деп болжанған.

2018–2022 жылдағы ақша-несие саясаты инвестициялық нарықты дамытуға, банк секторының несиелік белсенділігін ынталандыруға арналған жағдай жасауға себін тигізетін болады. Алдағы кезеңге ЕДБ несиелер берудің


16-кесте
Экономиканы және шағын кәсіпкерлікті несиелендірудің жыл сайынғы көлемдері



— Кәсіпкерлік мақсаттағы несиелер үлесі, % (оң жақ ось)
 — Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер үлесі, % (оң жақ ось)
 ■ Экономикаға берілген несиелер, млрд теңге
 □ Кәсіпкерлік мақсатында берілген несиелер, млрд теңге
 ■ Шағын кәсіпкерлікке берілген несиелер, млрд теңге

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (www.nationalbank.kz).


17-кесте
Экономиканың басым бағыттарындағы жобаларға берілген несиелер динамикасы



— Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақ ось)
 ■ Экономиканың басым секторларында ЕДБ берілген несиелер, млрд теңге
 ■ Экономиканың басым секторларында «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд теңге

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

18-кесте
Өңдеу өнеркәсібіндегі жобаларға несиелер беру динамикасы



— Өңдеу өнеркәсібіне «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелердің үлесі, % (оң жақ ось)
 ■ Өңдеу өнеркәсібіне ЕДБ берген несиелер, млрд теңге
 □ Өңдеу өнеркәсібіне «Даму» қоры бағдарламалары бойынша берілген несиелер, млрд теңге

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (www.nationalbank.kz), Қор (www.damu.kz).

өсімінің орташа жылдық қарқыны 3,7% деңгейінде болады деп болжанған. Бұл кезең үшін резиденттердің депозиттері 8,0% деңгейінде көбейтілетін болады. Ақша массасының деңгейі экономиканың дамуына баламалары болады, жалпы монетизациялаудың жоспарланған шамасы орташа 42,1% шегінде болады.

Ел экономикасының өсімін қалпына келтіру және Үкіметтің ерекше назар аударуы ШОК үшін жаңа даму келешегіне жол ашады. ШОК өндірісінің көлемін кеңейту және оны жеке бизнеске тарту арқылы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік қолдау бағдарламаларын іске асыру жалғасады. «Еңбек» бағдарламасы жұмыссыздардың және жұмыссыз халықтың арасында қалаларда микроқаржыландыруды арттыру, ауылдарда жеңілдікті микронесиеуді және

кәсіпкерлік қызметтің негізгі дағдыларын дамыту арқылы кәсіпкерлікті дамытуға себін тигізетін болады. Аталған бағдарламаның бюджеті 2018 жылы бес әлеуметтік бастамалардың шегінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 20 млрд теңгеге көбейтіледі.

Аймақтық деңгейде бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту, бизнес үшін шығындардың барлық түрлерін төмендету бойынша кешенді шаралар қабылданатын болады. Қалалар мен аймақтарда арнайы сыйақы тағайындау арқылы бизнесті жүргізуді жеңілдігі бойынша рейтинг енгізіледі.

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнеске қолдау көрсету мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында субсидиялау құралдары, банктердің несиелеріне ішінара кепілдік беру,

жетіспейтін инфрақұрылымды жинақтау, мемлекеттік гранттарды беру, кәсіпкерлерге консалтингтік қызметтер көрсету және оқыту арқылы мемлекеттік қолдау көрсету шаралары жалғастырылады. Кәсіпкерлікке қолдау көрсетудің қосымша шаралары ретінде Үкімет пен Ұлттық Банктің бірлескен іс-әрекеттер жоспары бойынша Ұлттық қордан бөлінген қаражаттар шегінде жұмыс жалғастырылады. Қосымша өтімділікті қолдау үшін несиелер беру нарығында халықаралық қаржы ұйымдарынан несиелерді тарту бойынша жұмыс жалғастырылады.



3 ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

ҚАРАЖАТТАРДЫ ШАРТТАСЫП ОРНАЛАСТЫРУ

2017 жылы қаражаттарды ЕДБ, МҚҰ және ЛК-ға шарттасып орналастыру бағдарламалары бойынша 230,5 млрд теңгеге 8 305 кәсіпкер қаржыландырылған.

2017 жыл бойынша ЕДБ, қаржы ұйымдарында қаражаттарды шарттасып орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша 59 415,7 млн теңге қаражат салынған, оның ішінде МҚҰ – 593,9 млн теңге.

Осы қызмет бағыты аясында маңызды міндет – микро-, шағын және орта бизнесті несиелеу мақсатында қаржы институттарында қаражаттарды ары қарай шарттасып орналастыру үшін қаражаттарды, оның ішінде мемлекеттік емес қаржы көздерінен тарту.

2017 жылдың 13 қазанында «Микро-, шағын және орта бизнесті Азия даму банкі қаражатының есебінен екінші деңгейлі банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы қаржыландыру» жобасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметінің мемлекеттік кепілдігімен 72 млрд теңге сомасында несиелісін ашуға Азия даму банкімен келісім жасалды. 2017 жылы қарыздың бірінші траншы алынды, оны Қор «Банк ЦентрКредит» АҚ-на 6,511 млрд теңге сомасында (2017 жылдың желтоқсаны) және «Нұрбанк» АҚ-на 1,574 млрд теңге мөлшерінде (2018 жылдың ақпаны) орналастырды.

Өткен жылы Еуропа қайта құру және даму банкінен 11 млн АҚШ доллары мөлшерінде (3 585 млрд теңге) қаражат Қордың кепілдігімен «Банк «Kassa Nova» АҚ үшін тартылды.

2016 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасының Үкіметінің № 919 қаулысымен «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді. «Еңбек» Бағдарламасы бойынша Қор қаржы агенті ретінде тағайындалды. «Еңбек» Бағдарламасын іске асыру аясында 2017 жылы Қор ҚР 16 аймағы бойынша 14,183 млрд теңге жалпы сомасында қаражат тартты, олардың ішінде 11,9 млрд теңге 9 ЕДБ/МҚҰ-ға салынды. 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша «Еңбек» Бағдарламасы бойынша 4,8 млрд теңгеге 453 МШОК субъектісі қаржыландырылды.

2017 жылы әкімдіктерден шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін (ШОКС) аймақтық қаржыландыру бағдарламасын іске асыру үшін 6,7 млрд теңге жалпы сомасында бюджеттік қаражат тартылды, олар 17 млрд теңге «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ қаражатымен және Қордың жеке қаражатымен ортақ қаржыландыру шарттарында ЕДБ-ге салынды. Аталған бағдарлама аясында 2017 жылы аталған бағдарламаның шегінде бұрын бөлінген қаражаттарды револьверлік беру есебімен 21,0 млрд теңге сомасында 533 ШОКС қаржыландырылды.

Қордың Стратегиясына сәйкес 2017 жылдың төртінші тоқсанында 2018 жылы іске асыру жоспарланып отырған «Микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілерін және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды кейінгі қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдарында қаражаттарды шарттасып орналастыру» өнімі, «Шағын жеке және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру» өнімі, «Шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерін исламдық қаржыландыру қағидаларында қаржыландыру» өнімі қайта бағдарланды.



«БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ-2020»

2017 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша 248,6 млрд теңге несиенің 2 287 жобасына қол қойылды, 36,13 млрд теңгенің субсидиясы аударылды.

Субсидиялау

2017 жылы «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша 248,6 млрд теңге несиенің 2 287 жобасына қол қойылды, 36,13 млрд теңгенің субсидиясы аударылды.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша агент ретінде Қор жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тұрғын үй құрылысы мақсатында екінші деңгейдегі банктермен берілетін несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің бір бөлігін субсидиялауды қарастырады. 2017 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында аймақтық үйлестіру кеңесі сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау құралы бойынша 27 млрд теңгенің 23 жобасын мақұлдаған. Төленген субсидиялардың сомасы 0,192 млрд теңгені құрады және бағдарламаны іске асырудың соңына дейін 0, 977 млрд теңге міндеттемелер қабылданды.

Кепілдік беру

Қордың сұранысқа ие өнімдерінің бір ретінде ШОКС несиелер ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін Кепілдік беру құралын іске асыру бойынша белсенді жұмыс жалғасып келеді.

2017 жыл ішінде несиелерге кепілдік беру құралы бойынша жалпы құны 42,8 млрд теңгенің 1 321 кепілдік шартына қол қойылған,

олардың ішінде «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы бойынша жалпы құны 37,7 млрд теңгенің 1 065 кепілдік шарты жасалған. «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасы бойынша жалпы құны 3,2 млрд теңге несиенің 86 кепілдік шарты жасалған. «Еңбек» бағдарламасы аясында жалпы құны 1,8 млрд теңгенің 170 кепілдік шарты жасалған.

«Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасына келесі сипаттағы өзгертулер енгізілген:

- мақсатты сегмент аясы кеңейді;
- кепілдік беру түрлері мен шарттары өзгерді;
- тәуекелдерді басқару лимиттері талдап тексерілді;
- «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасының аясында Қордың кепілдігімен берілген несиелердің мониторингі механизмі жеңілдетілген;
- «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасының аясында кепілдікке мемлекеттік кепілдік беру бағдарламаларының шегінде берілген кепілдіктерді ауыстыру мүмкіндігі қосылған.

Бұл өзгерістер «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасына өнімдер нарығында бәсекелес болуға және кәсіпкерлер мен екінші деңгейдегі банктер үшін қызығушылық тудырып, 2016 жылмен салыстырғанда кепілдік санын 3 есеге арттыруға мүмкіндік берді.

2017 жылы «Еңбек» бағдарламасы аясында кепілдік беру басталды. «Еңбек» бағдарлама-

сының шарттары бойынша, бағдарламаның бір қатысушысына қаржыландырудың ең жоғарғы лимиті жылына 6%-дан аспайтын мөлшермен 8 000 АЕК құрайды. «Еңбек» бағдарламасы кепілзаты жеткіліксіз кәсіпкерлерге Қордың кепілдігін алуға мүмкіндік береді: ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге – 85% дейін, бизнесі бар кәсіпкерлерге – 50%-ға дейін.

2017 жылдың қараша айында аймақтық 4 филиалда «Даму-Оптима» кепілдік беру бағдарламасы бойынша кәсіпкерге оның екінші деңгейлі банкке несиелер алу үшін өтініш білдіруіне дейін алдын ала кепілдік хатын беруге қатысты жобалық нұсқа іске қосылды. Аталған жобалық нұсқаның аясында кепілдік алдындағы хат кәсіпкерге екінші деңгейдегі банкке несиелер алуға өтінішті беруге дейін беріледі. Бұл мүмкіндікті 3 кәсіпкер пайдаланған, оларға ЕДБ кейіннен несиелер берумен қатар Қордың кепілдік алдындағы хаттары берілген.

Қор Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының қатысуымен Жаһандық экологиялық қордан тартылған 3,0 млн АҚШ доллары (1,0 млрд теңге) сомасында сыйақы мөлшерлемелерінің бір бөлігін кейіннен субсидиялау, сондай-ақ «Қазақстандағы төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» жобасын іске асыру аясында «жасыл» жобаларды іске асыратын соңғы қарыз алушы – ШОБ субъектілерінің несиелері бойынша кепілдік беру үшін тартылған өтеусіз гранттың операторы ретінде анықталған.

ҚАРЖЫ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

	Дерек 2015 ж.	Дерек 2016 ж.	Жоспар 2017 ж.	Дерек 2017 ж.	Жоспардың орынд %
ЕДБ/МҚҰ/ЛК қаражаттарды шарттасып орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру					
Қатысушылардың саны, бірл.	3 650	10 145	2 856	8 305*	291
Қаржыландыру сомасы, млн теңге	236 629	247 275	186 000	230 469	124
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау					
Қатысушылардың саны, бірл.	1 595	2 121	1 670	2 310	138
Несиелердің сомасы, млн теңге	260 131	331 879	412 000	275 660**	67
Несиелерге кепілдік беру					
Қатысушылардың саны, бірл.	941	951	1 100	1 321	120
Несиелердің сомасы, млн теңге	27 029	26 903	32 000	42 783	134

* Кәсіпкер-әйелдерді микроқаржыландыру үшін (Қордың кепілдігімен) КҚҚДБ Қордың бағдарламаларын іске асыру шегінде «KazMicroFinance» МҚҰ ЖШС қаржыландырылған кәсіпкерлерді ауқымды қамтумен байланысты көрсеткіштердің елеулі артуы байқалады.

** «Нұрлы жер» Бағдарламасы бойынша 2017 жылы 152 млрд теңге мөлшерінде жоспар белгіленген, бұл ретте ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 23 қазандағы № 674 қаулысымен «Нұрлы жер» Бағдарламасына «Құрылыс салушылардың субсидияланатын несиелерінің көлемі» көрсеткішін 2017 жылға 152,0 млрд теңгеден 15,0 млрд теңгеге дейін азайту бөлігінде өзгертулер енгізілген. Қорытындысында нақты орындау – 27 млрд теңге, орындау пайызы – 180% құрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ МОНИТОРИНГІ


Қордың қаржылық бағдарламалары шегіндегі, сондай-ақ олардың аясында Қор мониторинг қызметін жүзеге асыратын агенттік келісімдер мен басқа шарттардың шегіндегі жобалардың мониторингі бойынша ақпарат.

Мониторингтің атауы	Нақты тексерілген (жобалардың саны)			
	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Қордың қаражаттарын шартты орналастыру бағдарламаларының шегінде жобалардың мониторингі (17 бағдарлама)	1 021	947	226	2 334
Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыспен қамтылған ШОКС Қолдау көрсету бағдарламаларының шегінде жобалар мониторингі (ҚР ҰҚ қаражаты)	0	606	725	576
БЖЗҚ (ҰБ, ҚДБ) жобаларының мониторингі бойынша агенттік келісімдер	0	0	0	777
Субсидияланатын жобалардың мониторингі	1 576	1 792	3 068	2 595
Кепілдік берілетін жобалардың мониторингі	51	440	1 170	989
Гранттардың мониторингі	397	193	406	183
ЖИЫНЫ	3 045	3 978	5 595	7 454

Ескертулер/тәртіп бұзушылықтар бойынша қабылданған шаралар

Мониторинг атауы	Ескерту-лердің/ тәртіп бұзушылықтар-дың саны	Есептелген айып-пұлдар, млн теңге		Өндірілген айып-пұлдар, млн теңге		Қаражаттарды мақсатты пай-далану бойынша ескертулер, млн теңге		Ауыстыру жүр-гізілген, млн теңге		
		саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	саны	сомасы	
Қордың қаражаттарын шартты орналастыру бағдарламалары аясындағы жобалар мониторингі (17 бағдарлама)	46	11	23,9	11	23,9	35	7 048,0	35	7 048,0	
Өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыспен қамтылған ШОКС Қолдау көрсету бағдарламаларының шегінде жобалар мониторингі (ҚР ҰҚ қаражаттары)	29	16	90,5	13	25,8	29	1 462,8	17	357,3	
БЖЗҚ (ҰБ, ҚДБ) жобаларының мониторингі бойынша агенттік келісімдер	45	Мониторинг нәтижелері ҚР ҰБ және ҚДБ жіберілген								
Субсидияланатын жобалардың мониторингі	58	37 жоба бойынша субсидиялау тоқтатылған, 15 жоба бойынша субсидиялау қалпына келтірілген, 3 жоба бойынша АҰК шешім қабылданбаған, 3 жоба бойынша несие мерзімінен бұрын өтелген								
Кепілдік берілетін жобалардың мониторингі	8	8 кепілдіктің күші жойылған								
Гранттардың мониторингі	18	Шаралар қабылдау туралы ұсыныстар АҰК қарастыруға жіберілген								
ЖИНЫ:	204	27	114,4	24	49,7	64	8 501,8	52	7 405,3	

19-кесте «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына қатысушылардың өнім шығаруы, млрд теңге



* Алдын ала мәліметтер бойынша.

БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІК МОНИТОРИНГІ

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) мәліметтері бойынша «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына қатысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлер бойынша 2018 жылдың 1 қаңтарына өнімдерді шығару көлемі 13,5 трлн теңгені құрады, оның ішінде 2017 жыл үшін – 4,4 трлн теңге (19-кесте).

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасымен аясында пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және несиелерге кепілдік беру кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға септігін тигізеді. Бұл әсіресе, қазіргі кездегі экономикалық жағдайда өзекті. Өз кезегінде,

кәсіпорынның қызметінде жақсартулардың есебінен бюджетке түсімдердің өсімі қамтамасыз етіледі, бағдарламаның бюджеттік нәтижесі мен оның экономикалық негізділігі жақсарады. 2018 жылдың 1 қаңтарындағы бағалау бойынша «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушыларымен төленген салықтардың жалпы сомасы, 845 млрд теңгені құрады, оның ішінде оперативтік мәліметтер бойынша – 2017 жыл үшін 214 млрд теңге (20-кесте).

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасымен кәсіпкерлік секторын кеңінен қамту және ШОК субъектілерінің тарапынан бағдарламаға деген өсіп отырған қызығушылық оны іске асырудың әлеуметтік нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді, ол халықты жұмыс орындарымен

қамтамасыз етуде көрінеді. «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының қатысушылары 2018 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 283,0 мың бар жұмыс орындары сақталған және 95,9 мыңнан астам жаңа жұмыс орындары құрылған (21-кесте).

Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражаттарының есебінен өңдеу өнеркәсібінде ШОК қолдау көрсету бағдарламасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражаттарының есебінен өңдеу өнеркәсібінде ШОК қолдау көрсету бағдарламасының қатысушыларынан кәсіпорындардың түсімі 2015 жылы

ПРОБЛЕМАЛЫ АКТИВТЕРДІ АЗАЙТУ

2017 жылдың 1 қаңтарында проблемалы активтердің көлемі – 1 6,8 млрд теңге

2017 жылдың 1 қаңтарында Қордың проблемалы активтерінің құрылымы:

- тікелей қаржыландыру қоржыны – 11,48 млрд теңге (қарыз беру және лизинг арқылы 2004 жылдан бастап 2008 жылға дейінгі кезеңде тікелей Қор несиелендірген жобалар);
- басқа дебиторлық берешек – 5,41 млрд теңге (қаржылық және шаруашылық қызмет бойынша дебиторлық берешек, Қор берген кепілдіктер бойынша берешек).

Тікелей қаржыландыру қоржыны бойынша проблемалы активтерді азайту

Көрсеткіш	01.01.2014	01.01.2015	01.01.2016	01.01.2017	01.01.2018
Тікелей қаржыландыру қоржыны (НБ сомасы, %, өсімақы), млн теңге: с.і.	18 514	18 183	15 164	11 485	10 124
НБ сомасы, млн теңге	9 274	8 633	8 121	6 634	5 958
Борышкерлердің саны, бірл.	1 059	959	896	752	622

417 703 млн теңгені құрады, 2016 жыл үшін – 748 406 млн теңге, 2017 жыл үшін – 1 031 517 млн теңге.


2017 жылы аталған бағдарламаның аясында қаржы алған кәсіпкерлер алдын ала бағам бойынша 52 000 млн теңге мөлшерінде салық төлеген (2016 жылы 49 189 млн теңге мөлшерінде салық төленген).

ЕДБ мәліметтері бойынша, Ұлттық қор қаражаты есебінен қаржы алған кәсіпкерлер 18,8 мың жаңа жұмыс орнын құрған және/немесе құру жоспарланған (оның ішінде 2017 жыл үшін – 2 723), бұл орта есеппен бір кәсіпорынға тоғыздан астам жұмыс орнын құрайды.

Қор жыл сайын тікелей қаржыландырудың сақталатын қоржынында проблемалы берешекті азайту бойынша жұмыстар жүргізеді. Қордың тікелей қаржыландыру қоржыны бойынша жүргізетін жұмыстар қатарына кепілге салынған мүлікті сотпен өткізу, атқару өндірісі бойынша бақылау, борышкерлерді төлемге қабілетсіз деп тану (банкротқа ұшырау) бойынша шаралар, өндіріп алуға үмітсіз берешектерді есептен шығару, Қордың балансына қабылданған кепілге салынған мүлікті өткізу кіреді.


2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2018 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезең ішінде қоржын бойынша берешек 1 466 млн теңгеге азайған, өтеулердің жалпы сомасы 711 млн теңгені құрады. Есептен шығарылған берешектің сомасы (талап ету құқығынан бас тарту) 755 млн теңгені құрады. Осы кезең аралығында борышкерлердің жалпы саны 130-ға азайды.

20-кесте Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына қатысушылар төлеген салықтар, млрд теңге



* Алдын ала мәліметтер бойынша.


21-кесте Құрылған және қолдау көрсетілген жұмыс орындарының саны, бірл.



■ Сақталған жұмыс орындары

□ Құрылған жұмыс орындары

* Алдын ала мәліметтер бойынша.



Көрсеткіш	01.01.2014	01.01.2015	01.01.2016	01.01.2017	01.01.2018
Кезең үшін барлығы өтелген, млн теңге	510	672	840	717	711
Берешектер есептен шығарылған, млн теңге	–	–82	–	–677	–755*
Барлығы	510	754	1 736	1 394	1 466*

* 755 млн теңге борыштарды есептен шығару сомасы көрсеткішке қосылмаған, себебі бұл жұмыс ҚНҚ-ға қосылмаған.

Басқа проблемалы дебиторлық берешекті өндіріп алу

«Астана-финанс» АҚ бойынша 2017 жыл үшін өтелген берешектің сомасы 1 215,8 млн теңгені құрады, оның ішінде 318,8 млн теңге ақша

қаражатымен өтелген және 897,04 млн теңгеге берешекті өтеу есебіне Қордың балансына 14 дана жылжымайтын мүлік қабылданған.

Басқа дебиторлар бойынша кінәрат-қуыным жұмысы және атқарым өндірісі жүргізілуде.

Көрсеткіш	01.01.2017	01.01.2018
Дебиторлық берешек қоржыны	5 957	5 630
Борышкерлер саны, бірл.	100	121*
Кезең үшін барлық өтеулер, млн теңге	0	1 216*

* Сума Қормен орындалған кепілдіктермен байланысты көбейтіледі. Аталған сомадан 1 215 млн теңгені «Астана-финанс» АҚ 2006 жылдан бастап борыш бойынша қайтарып алған.

«DeltaBank» АҚ-нан қабылданған қоржын бойынша Қор жүргізген жұмыс, 2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша

2017 жылдың 28 сәуірінде Қор балансына «Delta Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) 148 қарыз алушылар санымен 15 697,44 млн теңге сомасында қарыз қоржынын қабылдады, олардың ішінде 12 626,8 млн теңге берешек сомасымен 29 қарыз алушылар қамтамасыз етусіз (болашақта түсетін ақшалар). 2017 жылдың 28 сәуірінен бастап 2018 жылдың 1 қаңтарына дейінгі кезең ішінде 61 қарыз алушы 9 274 млн

теңге сомасында өтеу қамтамасыз етілген, олардың ішінде 6 405 млн теңгеге 16 қарыз алушы қамтамасыз етусіз өтеген. 2017 жылы сотқа 3 147 млн теңге борыш сомасын өндіріп алу туралы 13 қуыным берілген. 2017 жылдың наурыз және қазан айларында ҚР ҚМ Экономикалық тексерулер қызметіне және ҚР Бас прокуратурасына 12 626 млн теңге сомасында 29 қарыз алушыға қатысты арыз берілген, оның аясында қылмыстық іс қозғалған және соңғы қарыз алушылар қарыз бойынша ішінара өтеген.

Көрсеткіш	28.04.2018	01.01.2018
Қордың балансына қабылданған «Delta Bank» АҚ қарыз алушыларының қоржыны	15 697	7 296
Борышкерлер саны, бірл.	148	87
Кезең ішінде барлығы өтелген, млн теңге	0	9 274*

* Олардың ішінде 6 405 млн теңге – 16 қарыз алушылар бойынша қамтамасыз етусіз.

Қорытынды көрсеткіштер

№	Проблемалы актив	Жоспар	Дерек	Пайыз
1.	Тікелей қаржыландыру қоржыны және дебиторлық берешек	946,1 (шақыру)	1 926,4	203,6%
2.	«Delta Bank» АҚ-нан қабылданған қоржын*	0	9 274	
Жиыны		946,1	11 198	

* «Delta Bank» АҚ-нан қоржын бойынша түсімдер 2017 жылға жоспарға қосылмаған, себебі жобалар 2017 жылдың 28 сәуірінен кейін түскен және бұл жұмыс Қормен қосымша жүргізілген.

Жиынында 2017 жыл үшін 946,1 млн теңге (ҚНҚ бойынша) жоспарында 1 926,4 млн теңгені қайтару қамтамасыз етілген (1 029,4 млн теңге ақшалай қаражаттармен және 897 млн теңге мүлікпен), бұл 2017 жылдың басында проблемалы активтердің жалпы көлемінен орындаудың 11,4% құрайды.

11,4% орындау пайызы есептік кезең ішіндегі қайтарылған проблемалы активтердің көлемінің есептік кезеңнің басындағы проблемалы активтердің жалпы көлемінен қатынасы ретінде есептелген, яғни: 160 млн (бірінші тоқсандағы өтеулер) + 210 млн (екінші тоқсандағы өтеулер) + 160,4 млн (үшінші тоқсандағы өтеулер) + 181 млн (төртінші тоқсандағы өтеулер) + 159 млн («Астана-финанс» АҚ 2017 жылдың мамыр айындағы өтеулері) + 159 млн («Астана-финанс» АҚ 2017 жылдың қараша айындағы өтеулері) + 897 млн теңге «Астана-финанс» АҚ мүлкін Қордың балансына қабылдаумен = 1 926,4 / 16 896 = 11,4%.

Осылайша, 2017 жыл үшін проблемалы берешекті қайтару бойынша ҚНҚ орындауы 203,6% құрады.

Бұл ретте «Delta Bank» АҚ-на қабылданған қоржын бойынша қосымша 9 274 млн теңгені қайтару қамтамасыз етілген.

Жалпы 11 198 млн теңгеге проблемалы активтерді қайтару қамтамасыз етілген.

Қосымша 4 518 млн теңгеге провизияны босату қамтамасыз етілген, олардың ішінде:

- 689 млн теңге – «Астана-финанс» АҚ борышы бойынша;
- 3 829 млн теңге – «Delta Bank» АҚ соңғы қарыз алушыларының борышы бойынша.

АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қор жарғылық капиталында үлеске ие, бірақ аталған компаниялардың қызметіне елеулі әсер ете алмайтын компаниялардың тізімі:

№	Атауы	Жарғылық капитал, млн теңге	Қатысу үлесі	Қызметінің негізгі түрі
1.	«АДАЛ-INVEST» МНҰ» ЖШС	7	28,5	Микронесиелеу
2.	«Эконом» МНҰ» ЖШС	12	16,6	Микронесиелеу
3.	«Вест Финанс» МНҰ» ЖШС	5,06	39,5	Микронесиелеу
4.	«Жайнар» МНҰ» ЖШС	5,5	36,4	Микронесиелеу

Қазіргі уақытта Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 72 және 2017 жылғы 24 ақпандағы № 77 аталған МКҰ

тарату туралы шешімдеріне сәйкес, Қор МНҰ ерікті тарату, тарату комиссиясын тағайындау және іс-шаралар жоспарын бекіту

бойынша шараларды жалғастыруда. 2018–2019 жылдары аталған МНҰ таратуды аяқтау жоспарланған.

ШОБ СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУ

2015–2018 жылдарға Қордың Кәсіпкерліктің құзыретін көтеру бірыңғай бағдарламасы (бұдан әрі – Бірыңғай бағдарлама) келесі 5 бағыттар бойынша іске асырылған:

- 1) жаңа бастаған бизнесті қолдау;
- 2) жұмыс істеп тұрған бизнесті қолдау;
- 3) мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың кәсіпкерлігін дамыту және қолдау;
- 4) «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында ШОК топ-менеджментін оқыту және бизнесті жүргізуді сервистік қолдау бойынша қызметтердің мониторингі;
- 5) отандық кәсіпкерлікті сапалы дамыту үшін жағдай жасау.

Бірыңғай бағдарламаның әрбір бағытына кәсіпкерліктің құзыретін көтеруге бағытталған жобалар кіреді.

2017 жылы Бірыңғай бағдарламаның бірінші бағытының шегінде («Жаңа бастаған бизнесті қолдау») «Жаңа бизнес ашуды қолдау» және «Startup Академия», жобалары жүзеге асырылды, екінші бағыттың шегінде («Жұмыс істеп тұрған бизнесті қолдау») – «Асылдар» – жұмыс істеп тұрған бизнесті қолдау жобасы, үшінші бағыттың шегінде – «Мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер үшін демеушілік көмек ұйымдастыру» («Даму-Көмек») және «Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» жобалары. Бизнесті жүргізуді сервистік қолдау бойынша қызметтердің сапасының мониторингі және ШОК топ-менеджментін оқыту бірыңғай бағдарламаның төртінші бағытының шегінде іске асырылды.

Сондай-ақ 2017 жылы бірыңғай бағдарламаның бесінші бағыты бойынша келесі жобалар іске асырылды: «Кәсіпкерлікті қолдау бойынша Қордың инфрақұрылымының қызметін қамтамасыз ету (КҚО, МКҚО)», «КҚО, МКҚО кеңесшілерінің құзыретін көтеру», «Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары мен идеяларын ілгері бастыру», сондай-ақ «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» жобасы.

«Жаңа бизнесті ашуды қолдау» жобасы халықты және жаңа бастаған кәсіпкерлерді стартап-жобаларды құруға түрткі болуға, стартап-жобаларды құру үшін жеткілікті халықтың және жаңа бастаған кәсіпкерлердің инновациялық және кәсіпкерлік әлеуетін ашуға себін тигізуге бағытталған. 2017 жылы аталған жоба бойынша 1 401 адам оқыды, олардың ішінде 189-ы өз бизнесін ашты.

«Startup Академия» жобасын іске асыру шегінде 2017 жылы Алматы, Астана, Атырау және Талдықорған қалаларында стартаптарға акселерациялық қолдау көрсету үшін «Startup Академиялар» ашылды. 2017 жылы жоба шегінде 419 адам оқытылды, олардың ішінде 56 өз бизнесін ашты және кейіннен 97 жұмыс орындарын құрды.

Бизнесі бар жеке кәсіпкерлік субъектілерін компанияның өсу әлеуетін ашу, Қормен іске асырылатын кәсіпкерлікке өзара байланысты қаржылай және қаржылай емес қолдау көрсету шараларының кешенін көрсету арқылы дамытуға жәрдем беруге бағытталған «Асылдар» әрекет етуші бизнесті қолдау» жобасы бойынша 2017 жылы жұмыс істеп тұрған 15 компанияға қолдау көрсетілген.

«Мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлер үшін демеушілік көмек ұйымдастыру («Даму-Көмек»)» жобасы мүмкіндігі шектеулі кәсіпкерлерге олардың мәселелері және оларға қажетті ресурстар туралы хабардарлық дәрежесін көтеру, және мүмкіндігі шектеулі адамдарды кәсіпкерлік қызмет жүргізуге ынталандыратын жағдай жасау арқылы қолдау көрсетуге бағытталған. Жобаның қатысушылары ретінде мүгедектердің қоғамдық ұйымдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құжаттармен расталған мүгедектік тобына ие, өз қызмет саласын кеңейткісі келетін кәсіпкерлер, немесе кәсіпкерлік қызметпен айналысуды бастағысы және жеке бизнесін ашқысы келген әлеуетті кәсіпкерлер болып табылатын, Қазақстан Республикасының азаматтары бола алады.

Қор www.damu-komek.kz сайтын құрған және басқарылады. Ол жобаға қатысушылар және демеушілер арасындағы ақпаратты орналастыру үшін ерекше электронды хабарландырулар тақтасы. Жоба аясында жеке кәсіпкерлік субъектілері және ЕДБ демеушілік көрсете алады.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша мүмкіндігі шектеулі 2 116 кәсіпкерге көмек көрсетілген, олардың 1 229 әйелдер (58 %).

Бірыңғай бағдарламаның аясында «Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» жобасы әзірленген. Мақсатты аудитория – мүгедектігі бар әйелдер мен жұмыс берушілер. Аталған жоба психологиялық және кәсіби тұрғыдан дайындайды – оқытады және тағылымдамалармен қамтамасыз етеді, жұмысқа орналастыру кезінде сүйемелдейді; екіншілерге мүгедектігі бар жұмыскерді жалдау кезінде тәуекелдерді төмендетуге көмектеседі, кеңестер мен практикалық ақпаратты береді.

«Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» жобасының аясында 2017 жылы:

- 1) бірінші кезең бойынша 216 мүгедектігі бар әйел оқыған;
- 2) екінші кезең бойынша 91 мүгедектігі бар әйел оқыған;
- 3) қазан айында жаттықтырушылар үшін 3 күндік тренингтер өткізілген;
- 4) 19 қыркүйекте «Хабар» ТРК «Жаңа күн» бағдарламасында мүгедектігі бар әйелдің қатысуымен бір ток-шоу түсірілген;
- 5) 22 желтоқсанда Алматыда «Жұмыспен қамту, кәсіпкерлік және табыс әкелетін қызметтің басқа нысандары үшін әлеуметтік осал әйелдердің мүмкіндіктерін ілгерілетуге жәрдем беру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді;

6) мүгедектігі бар 45 әйел жұмысқа орналастырылды және 5-еуі өздерінің жеке бизнестерін ашты.

«Кәсіпкерлікті қолдау бойынша Қордың инфрақұрылымының қызметін қамтамасыз ету (КҚО, МКҚО)» жобасына Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен Мобильді кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтарының базасында ақпараттық-кеңес беру қызметтерін, сондай-ақ Қордың қаржы құралдары бойынша ЖКС жобаларын екінші деңгейдегі банктермен, лизингтік компаниялармен және/немесе микроқаржы ұйымдарымен мақұлдауға дейін жобаларды сүйемелдеу бойынша қызметтерді көрсету кіреді.

2017 жылы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен Мобильді кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтары арқылы тікелей кеңес беру шегінде 74 132 клиенттерге қызмет

көрсетілген, оларда 99 мыңнан астам қызметтер көрсетілген.

«КҚО, МКҚО кеңесшілерінің құзыретін көтеру» бағдарламасының аясында Қор 2017 жылы КҚО мен МКҚО 71 кеңесшісі үшін оқу ұйымдастырған.

«Даму-Көмек» жобасын іске асыру аясында Shinhan Bank Kazakhstan-мен бірлескен шаралар өткізілді, «Нұрлы жер» Бағдарламасы іске асырылып, келесі шаралар өткізілді: АЭФ-2017 «Жаһандық экономикадағы кәсіпкерлік» панельдік сессиясы және отандық тауар өндірушілердің «Қазақстанда жасалған» көрмесі және «Ұлы дала елі» отандық тауар өндірушілердің III форумы, «Даму-Аймақтар» бағдарламасы аясында АТФ Банк, ЕҚҚДБ-мен кепілдік келісіміне және ЕҚҚДБ-мен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды, оның аясында кәсіпкерлікті дамыту қорының

жанында арнайы оқу орталығын құру бойынша жоба басталды, қала шаруашылығы саласында энергияны үнемдеуге бағытталған бизнес-жобаларды қолдау бойынша БҰҰДБ – ЖЭҚ «Қазақстандағы төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» бағдарламасы іске қосылды, екінші деңгейлі банктер арқылы экономиканың барлық салаларында микро, шағын және орта кәсіпкерлікке несие беруге АДБ қарыз туралы келісімге қол қойылды.

«Кәсіпкерлікті дамытуға қашықтан қолдау көрсету» жобасы Қазақстанның аймақтарында халықтың кәсіпкерлік құзыретін көтеруге және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға, халықты кәсіпкерлікке қолдау көрсету бағдарламаларымен қамтуды кеңейтуге, оның ішінде кәсіпкерлерді Қордың қаржы бағдарламаларына қатысуға тартуға бағытталған. 2017 жыл бойына аталған жоба бойынша 3 337 адам оқудан өтті.

Бірыңғай бағдарламаның мақсатты көрсеткіштерін орындау төмендегі кестеде берілген

Бірыңғай бағдарламаның жобалары	2016 жыл	2017 жыл
«Жаңа бизнес ашуды қолдау» жобасы, қатысушылар саны	1 562	1 401
«Startup Академия» жобасы	–	419
«Асылдар» жұмыс істеп тұрған бизнесті қолдау	–	15
«Даму-Көмек» жобасы	301	249
«Мүгедектігі бар әйелдердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» жобасы	–	307
Бизнесті жүргізуді сервистік қолдау бойынша қызметтердің сапасының мониторингі	ҮО-ға 4 тоқсан сайынғы есеп тапсырылған	ҮО-ға 4 тоқсан сайынғы есеп тапсырылған
«ШОК топ-менеджментін оқыту» компоненті, қатысушылардың саны	421	421
Қордың кәсіпкерлікті қолдау бойынша инфрақұрылымының қызметін қамтамасыз ету (КҚО, МКҚО)	78 617	74 132
КҚО, МКҚО кеңесшілерінің құзыретін көтеру	101	71
Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары мен идеяларын ілгері бастыру	БАҚ кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету механизмдері туралы 6 774 материал орналастырылған, ШОК іске асырылған жобалары бойынша 41 пресс-тур өткізілді	БАҚ кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсету механизмдері туралы 4 280 материал орналастырылған, ШОК іске асырылған жобалары бойынша 5 пресс-тур өткізілді
Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау	817	3 337
Call-орталық, телефон арқылы кеңес беру	36 757	51 836
«Даму» Қорының интернет-ресурстары (business.gov.kz, damu.kz, damu-komek.kz сайттарында онлайн- және офлайн- кеңестер)	13 896	11 993

2017 жылдың 3 шілдесінде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Қордың жаңа Стратегиясы бекітілді, одан ШОБ субъектілерінің құзыретін дамыту бойынша көрсеткіштер алынып тасталды.

2017 жылы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары мен кәсіпкерлікті қолдау мобильді

ҚОРДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ

2017 жылдың шілдесінде бекітілген Қордың жаңа Стратегиясына сәйкес Қор өз алдына 2019 жылға дейін өзінің барлық бизнес-процестерін 100% автоматтандыру міндетін қойды. Бұл ретте 2017 жылдың соңына бизнес-процестерді автоматтандыру деңгейі 60%-ға жетуі тиіс. Жоғарыда аталған міндетті іске асыру мақсатында 2017 жылы тамыз айында Кепілдендіру департаментінің Жобалау офисі жеке құрылымдық бөлімшеге – Бизнес-технологиялар департаменті болып қайта құрылды, оның қызметіне Қордың бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру кіреді.

2017 жылы ақпараттық технологияларды дамытудың негізгі фокусы ішкі бизнес-процестерді автоматтандыруға бағытталған. 2017 жылдың қорытындысы бойынша автоматтандыру деңгейі 62,5% жетті, негізінен келесі негізгі нәтижелерге қол жеткізілді.

- Digital DAMU шағын және орта бизнеске қолдау көрсетудің электронды супермаркетінің 1-ші кезеңі ендірілді. 1-ші кезеңнің шегінде келесі функциялар іске асырылды:
 - өнімдер каталогын басқару;
 - өнімдерді іріктеуді басқару;
 - клиенттік базаның саралау;
 - сөйлесулердің скрипттерін басқару;
 - сауалнамаларды басқару;
 - SMS-жіберілімдерді басқару;
 - кіріс және шығыс желілерін(call-center), іс-шараларды басқару.
- Қордың уәкілетті органдарының қызметі автоматтандырылған, оның нәтижесінде шешімдерді қабылдау процесін қағаздарды алып тастау арқылы электронды форматқа

орталықтарының жаңа тұжырымдамасы әзірленді, оның аясында КҚО кеңесшілерінің функционалы өзгертілді. Жаңа тұжырымдамаға сәйкес КҚО мен МКҚО кеңесшілерінің негізгі функционалдық міндеті ЖКС жобаларын екінші деңгейдегі банктерде, микроқаржы ұйымдарында және/немесе лизингтік компанияларда Қормен іске асырылатын бағдарламалар бой-

аудару сәтті болып шықты. Дауыс беру электронды сандық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭСҚ) пайдалану арқылы электронды форматта өткізіледі. Енді уәкілетті органдардың мүшелері уәкілетті органдардың отырыстарына қашықтан қатыса алады және қарастырылатын мәселе бойынша қашықтан дауыс бере алады. Қордың уәкілетті органдарының үзінді көшірмелері мен хаттамаларын қалыптастыру және қол қою мерзімдері оңтайландырылды. Шешімдердің орындалуын автоматты бақылау ендірілді.

- Операциялық тәуекелдерді басқару бойынша процесс автоматтандырылды. Қарқынды даму үшін ішкі қызметтің маңызды аспектілерінің бірі – Қордың жеке операциялық тәуекелдерді сапалы басқаруы. Ал Қорда операциялық тәуекелдерді басқару процесі қол еңбегі режимінде жүзеге асырылған, бұл операциялық тәуекелдерді тиісті деңгейде бақылауды қамтамасыз етпеген. Автоматтандыру операциялық тәуекелдерді бақылау процесін жүйеге келтіруге, олардың мониторингі мен оларды бақылауды жақсартуға мүмкіндік берді.
- Қордың кадрлық іс қағаздарын жүргізу процесі автоматтандырылды, оның нәтижесінде Қорда кадрлық мәселелер бойынша қағаздағы құжат айналымы ең төменгі деңгейге жеткізілген (бұрын бұл процесс еңбекті көп қажет ететін, әртүрлі қағаздағы өтініштердің көп санын ресімдеумен және қол қойдыру үшін жүруге уақытты қажет етумен бірге жүретін). Кадрлық іс-қағазда-

ынша қаржыландыруға өтінімдерді мақұлдауға дейін сүйемелдеу болып табылады. 2017 жылы екінші деңгейдегі банктермен, лизингтік компаниялармен және/немесе микроқаржы ұйымдарымен мақұлдауға дейін КҚО кеңесшілерімен 2 581 жоба сүйемелденген.

рын жүргізу құжаттарын қарастыру мерзімі елеулі қысқарды.

- Қордың есеп бойынша жарлық құжаттарын шығару процесі автоматтандырылды, осының нәтижесінде барлық өкімдер электронды форматқа ауыстырылған және ЭСҚ көмегімен қол қойылады. Бұрын Қордың негізгі қызметі бойынша жарлық құжаттары да тек қағаз тасымалдағышта ресімделген, осының салдарынан жарлық құжаттын шығару созылмалы сипатқа ие болған.
- Қордың әкімшілік-шаруашылық қызметі бойынша өтінімдер автоматтандырылған, нәтижесінде барлық өтінімдер жүйеге келтірілді, өтінімдерді уақытылы және сапалы орындауды бақылау арттырылды, артық қағаздағы құжат айналымы алынып тасталды.

2018 жылы келесі жобаларды ендіру жоспарланып отыр:

- Digital DAMU супермаркетінің 2-ші кезеңін іске асыру;
- сатып алу шарттарын келісу және қол қою процесін, сондай-ақ ары қарайғы орындау мониторингін автоматтандыру;
- қаражаттарды шартты орналастыру және қарызға алу процестерін автоматтандыру;
- «Бизнесің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында несиелер бойынша сый-ақы мөлшерлемесінің бөлігін субсидиялау» мемлекеттік қызметін электронды үкіметтің веб-порталында, сондай-ақ bpm'online жүйесінде автоматтандыру;
- мониторинг процестерін автоматтандыру;

- рейтингтік модельдерді автоматтандыру;
- электронды мұрағатты ендіру;
- қызметкерлерді іріктеу, оқыту және бағалау процестерін автоматтандыру;

- VI-жүйелерді ендіру;
- Стратегиялық ҚНҚ каскадтау және орындауды бақылау процестерін автоматтандыру;

- Қордың серіктестерінен алынатын қаржыландырылған жобалар бойынша басқару есептемесін автоматтандыру.

ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

№	Көрсеткіш	2017 ж. жоспар	2017 ж. дерек	Орындау %
1 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. Ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлерді қолдау және дамыту				
Микробизнесі несиелеуді кеңейту, МҚҰ және несие серіктестіктерін қолдау құралдарын әзірлеу және іске асыру				
1.	Қордың несие қоржынында МҚҰ қоржынының үлесі	1,10%	1,60%	145
2.	Қолдау көрсетілген кәсіпкерлердің жалпы санынан микро- және шағын кәсіпкерлердің үлесі	67,50%	77,70%	115
Қордың қаржы бағдарламаларымен әрекет етуші МШОК қамту үлесін арттыру				
3.	Қаржылай қолдау көрсетілген МШОК субъектілерінің нарықтағы МШОК әрекет етуші субъектілерінің жалпы санына үлесі	2,60%	3,20%	123
4.	2014 жылдан бастап жинақтаумен, өткізу нарығын кеңейту және еңбек өнімділігін арттыру есебімен әрекет етуші өндірістерді жаңарту және кеңейту бойынша жобалар мен жаңа жобалардың саны (мемлекеттік бағдарламалар/Қордың бағдарламалары)	32 600 жоба	36 533 жоба	112
5.	Қордың қолдау құралдары ұсынылған тұрғын үй көлемі, мың кв. м.	–	Көрсеткіштің мәні 2018 ж. бастап белгіленген.	
6.	Қордың несие қоржынындағы жеке сектордың үлесі	100%	100%	100
МШОК қолдау көрсетілген кәсіпорындардың экономикалық тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету				
7.	Қолдау көрсетуді алған кәсіпкерлік субъектілерімен өндірілген өнімнің көлемі	4 300 млрд теңге	5 414 млрд теңге	126
8.	Қор қолдау көрсеткен кәсіпкерлік субъектілері төленен салықтар өсімі	13 млрд теңге	13 млрд теңге*	100
2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ. Қордың тұрақты институционалдық дамуы				
Қаржыландырудың қосымша көздерін тарту				
9.	Есептік жыл үшін қарыз алудың жалпы құрылымындағы қарыз алудың мемлекеттік емес көздерінің үлесі	78%	80,10%	103
10.	Борыш/Капитал	3,5	2,1	Лимит шегінде
Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу				
11.	ROA (ең төменгі оң мәннен төмен емес)	0,60%	1,20%	192%
12.	Жалпы активтерден несие қоржынының үлесі	77%	68,60%	89%
Бизнес-процестерді автоматтандыру				
13.	Қордың негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру	60% кем емес	62,50%	104%
Корпоративтік басқару деңгейін көтеру				

№	Көрсеткіш	2017 ж. жоспар	2017 ж. дерек	Орындау %
14.	«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметімен МШОК субъектілерінің сенімін және қанағаттанушылығын бағалау	80% кем емес	Көрсеткіш жыл сайынғы негізде өлшенеді. Мәліметтерді алу 2018 жылдың маусым айының соңына күтіледі	

* Болжам, нақты мәліметтер 2018 жылдың екінші жарты жылдығында ҚР ҚМ МКК алынатын болады.

АКТИВТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қордың активтерін және пассивтерін басқару – бұл стратегиялық көрсеткіштерге қол жеткізуді, табыстылықты қолдауды және ақталмаған тәуекелдерді ең төменгі деңгейге жеткізуді қамтамасыз ететін баланс активтері мен пассивтерінің осындай құрылымын қалыптастыру және қолдау процесі. Активтер мен пассивтерді басқарудың негізгі мақсаты қисынды шектерде өтімді қаражаттардың көлемін сақтау шартымен берілген диапазондарда Қордың кірісін қолдаудан тұрады.

Активтер мен пассивтерді басқару аясында Қордың негізгі жұмысына кіреді:

- қарыз қоржынын басқару;
- шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау мақсатында кейіннен орналастыру үшін қаражат тарту (оның ішінде мерзімдері мен мөлшерлемелерін анықтау);

- уақытша бос қаражаттарды (УБҚ) бөлу;
- негізгі құралдарға салымдар;
- меншікті капиталын ұстау және басқалар.

Активтерді басқару кезіндегі Қордың негізгі міндеттері УБҚ сақталуын, ағымдағы міндеттемелер бойынша төлем қабілеттілігін, туындайтын инвестициялық мүмкіндіктерді қаржыландыру қабілетін қамтамасыз ету және УБҚ табыстылығының қабылданатын тәуекелдің деңгейіне жеткілікті деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Қордың активтері 319,9 млрд теңгені құрады және 2016 жылмен салыстырғанда АДБ қарызы бойынша серіктес-банкпен міндеттемелерді өтеумен байланысты (3-ші транш) 29,5 млрд теңгеге азайды.

Активтердің құрылымында негізгі үлесті (69%) қарыз қоржыны құрайды. Ақша қаражаттарының үлестік салмағы жиынтықты активтердің 17% құрайды. Қордың бағалы қағаздары баланста нарықтық құны бойынша есептеледі және активтердің 1,0% құрайды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Қордың міндеттемелері 218,8 млрд теңгені құрады, бұл өткен кезеңнің көрсеткішінен 32 млрд теңгеге аз. Міндеттемелердің көлемінің азаюы Қордың АДБ алдындағы қарыздың 3-ші траншы бойынша міндеттемелерін өтеумен байланысты.

2018 жылдың 1 қаңтарына меншікті капитал 101,1 млрд теңгені құрады.



4

ҚАРЖЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

2017 жылы Қордың жалпы кірісі 34,3 млрд теңгені құрады, олардың ішінде негізгі қызмет бойынша кірістер – 28,3 млрд теңге, негізгі емес қызметтен кірістер – 6,0 млрд теңге.

2017 жыл үшін Қордың жалпы шығындары 29,1 млрд теңгені құрады. Қордың шығындарындағы негізгі үлесті СВОП қайта бағалау бойынша шығындар (37%) құрайды, провизияларды құру бойынша шығындардың үлесі 26%

құрайды, алынған қарыздар бойынша шығындар мен басқа қаржылық шығындар – 19%, әкімшілік шығындары 15% құрайды.

2017 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржы нәтижесі 4,1 млрд теңгені құрады, жоспарлы көрсеткіштен (2,2 млрд теңге) екі есеге дерлік асып түсті, бұл пайдалылық көрсеткіштерінде көрінді.

Қызметтің пайдалылық көрсеткіштері

Атауы	2015 жыл (дерек)	2016 жыл (дерек)	2017 жыл (жоспар)	2017 жыл (дерек)
ROA, активтердің пайдалылығы	5,4%	1,6%	0,6%	1,2%
ROE, капиталдың пайдалылығы	17,6%	5,8%	2,2%	4,1%
УБК орташа сараланған пайдалылығы	10,59%	14,23%	8,00%	9,66%
Қызметтің пайдалылығы	35,1%	17,3%	10,6%	14,1%
NI margin	25,5%	19,6%	11,5%	20,7%

Жоспарланған көлемнен көп таза кірісті алумен байланысты 2017 жыл үшін пайдалылық көрсеткіштері жоспарланған мәндерден асып түсті.

Рейтинг

2017 жылдың қорытындысы бойынша Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-на жаһандық шкала бойынша «Ваа3» деңгейінде несие рейтингін берді, қаржылық тұрақтылық рейтингі бойынша болжам – «тұрақты». Осымен қатар Moody's рейтингтік агенттігі Қорға «Aa1.kz» деңгейінде ұлттық ұзақ мерзімді рейтингті берді.

Даму жоспарлары

Қызметтің қаржылық нәтижелерінің жоспарланған деңгейіне қол жеткізу үшін Қор жоспарлауға және бюджеттендіруге бірыңғай тәсілдерді енгізу, басқару есептемесі жүйесін құру, қызметтің негізгі көрсеткіштерін анықтау бойынша жұмысты жүргізеді.

2018 жылы Қор көрсетілетін қызметтердің түрлері (бағдарламалар) бойынша кірістер мен шығындарды есепке алу айқындылығын қамтамасыз ету, басқару шешімдерін қабылдау үшін қажетті егжей-тегжейін ашумен бөлу нәтижелері бойынша есептемені берудің толықтығы мен мазмұндылығын қамтамасыз ету мақсатында кірістерді, шығындарды және тартылған активтерді бөлек есепке алу жүйесін ендіруді жоспарлап отыр.

Қор тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үздік әлемдік тәжірибелерге жақындату бойынша жүйелі жұмысты жалғастыратын болады. Ары қарай Қор ТБКЖ сапасын тұрақты диагностикалауды жүргізетін болады.

Маңызды мәмілелер туралы ақпарат

Қор 2017 жылы жасаған мүдделілікпен мәмілелер, ірі мәмілелер туралы және байланысты тараптармен операциялар туралы ақпарат қосымшада берілген.

4,1

МЛРД ТҒ

2017 жылдың қорытындысы бойынша Қордың қаржы нәтижесі 4,1 млрд теңгені құрады, жоспарлы көрсеткіштен (2,2 млрд теңге) екі есеге дерлік асып түсті, бұл пайдалылық көрсеткіштерінде көрінді.



5

ҚОРДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТЫ

Қор мемлекеттік бағдарламаларды, сонымен қатар стейкхолдерлердің назарын аударатын жекелеген ішкі процедураларды іске асыру бөлігінде қабылданатын шешімдердің айқындығын қамтамасыз етуге баса назар аударады.

Қордың ақпараттық саясаты нарықтағы жағдайды, мақсатты аудиторияның қажеттіліктерін талдау негізінде өзекті беталыстарға сәйкес жүзеге асырылады, Қорға жұртшылықтың сенімін арттыруға, жағымсыз құбылыстарды анықтауға себін тигізеді, дағдарысқа қарсы коммуникацияны ұйымдастыруда алдын алу шараларын қабылдаумен сүйемелденеді.

Қорда клиентке бағдарлану деңгейін жетілдіру бойынша жұмыс үшін жыл сайын фронт-офис, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының және call-орталықтың қызметкерлері үшін тренингтер өткізіледі, тұрақты ақпаратты жинау, оның ішінде әлеуметтік зерттеулерді қолданумен жүргізіледі.

Қордың жауапты бөлімшесімен Қордың қызметі туралы ақпаратты орналастыру орны мен уақытының оңтайлы параметрлерін, жасы, жынысы, кәсіпкерлік белсенділігі және т.б. бойынша мақсатты топтарға бағдарланған жарнамалық кампанияларды өткізу мерзімдері мен масштабтарын анықтау мақсатымен медиа-нарықты зерттеу жүргізіледі.

Танымалдық және қызметке сенімділік деңгейін арттыру үшін Қор құрылымдық бөлімшелердің ішкі байланысын, сонымен қатар Қордың жарнамалық шараларды әзірлеу және өткізу процесінде Жалғыз акционермен байланысты қолдауды жүзеге асырады. Сонымен қатар жарнамаға қатысуға қоғамдық пікір көшбасшылары, Қор бағдарламаларына қатысатын табысты кәсіпкерлер шақырылады, Қордың стратегиялық міндеттерін шешуге сыртқы консультанттар мен коммуникация саласындағы сарапшылар тартылады. Танымалдықты арттырудың маңызды факторларының бірі бағдарламаларды насихаттау құралдарының,

сондай-ақ Қордың фронт-офистерінің визуалды бірізділігі болып табылады.

Транспаренттіліктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Қор жүйелі түрде баспасөз-мәжілісін, брифинг, пресс-турлар өткізіп, Бұқаралық ақпарат құралдарында Қор басшыларының (бұдан әрі – БАҚ) сұхбаттарын ұйымдастырып отырады. Осылайша, 2017 жылы БАҚ кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау механизмдері туралы, Қордың қызметі туралы немесе Қорды атап өтумен 4 280 материал жарияланды. Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы бойынша қаржыландырылған ШОК сәтті іске асырылған жобалары бойынша аймақтарда (ОҚО, Қызылорда және Талдықорған қалаларында, Ақтау және Қостанай қалаларында) 5 пресс-тур өткізілді, Қордың бағдарламаларын, оның ішінде «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасын, «Еңбек» бағдарламасын және «Нұрлы жер» бағдарламасын іске жүзеге барысын айқындау мақсатында республикалық және аймақтық телеарналардың эфирлерінде 106 сөз сөйлеулер өткізілді.

Бұқаралық коммуникацияның маңызды құралдарының бірі – Қордың корпоративтік сайты (www.damu.kz) және бизнес-портал (www.business.gov.kz). Ол кәсіпкерлер мен халыққа қызмет көрсетудің нәтижелері, қабылданған өзгерістер немесе Қор іске асыратын қолдаудың жаңа бағдарламалары туралы тез хабарлауға, сонымен қатар ең өзекті мәселелер бойынша кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Қордың интернет-ресурстарында кіру рейтингісінің объективті сипатын алу үшін кірулерді есептеуіштер орналастырылған. Бүгінгі таңда Қордың корпоративтік сайты қазақстандық кірулер рейтингісінде zero.kz «Қаржы» санатында тіркелген 135 ресур ішінде 13-ші орынды алады.

2011 жылдың наурызынан бастап Қорда мамандандырылған Call-орталық жұмыс

63.8

МЫҢ ӨТІНІШТЕР

2017 жылы қашықтық консалтинг шеңберінде call-орталық арқылы шамамен клиенттердің 63,8мың өтініштері өңделген, олардың ішінде Қордың интернет-ресурстары арқылы қашықтан (business.gov.kz, damu.kz, damu-komek.kz) 11,9 мыңнан астам өтініштер түскен.

істейді. Қордың Call-орталығы – бұл өтініштерді орталықтандырылған қабылдау мен қоңырауларды өңдеу үшін құрылған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ компаниялар тобының кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары туралы егжей-тегжейлі ақпаратты алуға арналған ақпараттық-анықтамалық қызмет. Call-орталық белгілі бір мақсатты аудиторияға әсер ету арқылы мекенжайлық жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда Call-орталық міндеттерді ауқымды спектрін шешуге қабілетті: азаматтардың өтінімдерін автоматтандырылған өңдеуден өнімдерді

БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

2018 жылы стратегиялық инвесторы халықаралық қаржы ұйымын – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ акционерлік капиталындағы үлесті (25% дейін) сату арқылы тарту туралы мәселені пысықтау жоспарланған.

Қызметтің негізгі бағыттары бойынша жұмыс жалғасатын болады.

Қаражаттарды шарттасып орналастыру

2018 жылы кәсіпкерлерді аймақтарда қол жетімді және ұзақ мерзімді қорландырумен қамтамасыз ететін нүктелік аймақтық бағдарламаларды іске асыру үшін жергілікті атқару органдарынан (бұдан әрі – ЖАО) қаражаттарды тарту бойынша жұмыс жалғасатын болады. 2018 жылға жоспар бойынша нүктелік аймақтық бағдарлама бойынша қаржыландырудың жалпы сомасы 14 млрд теңгені құрайды (7 млрд теңге – Қордың қаражаттары және 7 млрд теңге – ЖАО қаражаттары).

«Еңбек» Бағдарламасын іске асыру аясында 2018 жылы ЖАО-нан 16 млрд теңгеден кем емес тарту жоспарланып отыр.

«Азия даму банкінің қарызы есебінен екінші деңгейдегі банктер және микроқаржы ұйымдары арқылы микро-, шағын және орта кәсіпкерліктің субъектілерін қаржыландыру» Өнімін (АДБ қарызының 4-ші траншы) іске асыру аясында 2018 жылы ЕДБ/ МҚҰ 40,0 млрд теңгеден кем емес орналастыру жоспарланған.

насихаттауға, жарнамаға және нарыққа маркетингтік зерттеу жүргізуге дейін.

2017 жылы қашықтық консалтинг шеңберінде call-орталық арқылы шамамен клиенттердің 63,8 мың өтініштері өңделген, олардың ішінде Қордың интернет-ресурстары арқылы қашықтан (business.gov.kz, damu.kz, damu.komtek.) 11,9 мыңнан астам өтініштер түскен. Іс жүзінде кәсіпкерлер мен халықты қызықтыратын барлық мәселелер Қордың жеке кәсіпкер-

«Даму-Өңірлер III» Бағдарламасының аясында Қордың меншікті қаражаттарын орналастыруды жалғастыру жоспары – шамамен 18 млрд теңге. Бұл ретте Қордың Стратегиясы бойынша алға қойылған міндеттерді орындау мақсатында Қор аталған бағдарламаны қайта жасауды жоспарлаған.

«Микро- және шағын кәсіпкерлік субъектілерін және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды кейіннен қаржыландыру үшін микроқаржы ұйымдарында қаражаттарды шартты орналастыру» өнімін іске асыру аясында 1,5 млрд теңге мөлшерінде Қордың меншікті қаражаттарын орналастыру бойынша МҚҰ жұмыстарды жүргізу жоспарланады.

«Шағын және орта жеке кәсіпкерлік субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру» Өнімін іске асыру аясында 2 млрд теңге мөлшерінде Қордың меншікті қаражаттарын ЕДБ/ЛК орналастыру бойынша жұмыстарды жүргізу жоспарланады.

Бағдарламаларды іске асыру аясында ҚР Ұлттық қоры қаражаттарынан (1-ші, 2-ші, 3-ші транштар) ЕДБ арасында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экономиканы жаңарту комиссиясының шешімінің негізінде Қор бұрын ЕДБ-дан қайтарылып алынған 23,5 млрд теңге мөлшердегі қаражаттарды бөлу жоспарлады.

2018 жылы Қор қоршаған ортаға жағымды әсерге ие ШОБ жобаларын ЕДБ арқылы несиелендіру үшін «Бәйтерек» ҰБХ кепілдігімен 200

млн еуро (теңгелей) сомасында Еуропалық инвестициялық банктен (ЕИБ) екі қарыз тартуды жоспарлайды.

2018 жылы Қор ШОБ несиелендіру үшін Еуропалық қайта құру және даму банкінен (ЕҚҚДБ) өз кепілдігімен қаражат тартуды жоспарлайды.

2018 жылы Қор ШОБ дамыту үшін Қазақстандағы ислам қаржыландыру құралдары арқылы 40 млн АҚШ доллар (теңгелей) сомасында Ислам жеке секторды дамыту бойынша корпорациясынан (ИДК) қаражат тартуды жоспарлайды. Қаражат тарту ресурстардың құнының бәсекеге қабілеттілік, сондай-ақ ЕДБ/ЛК бос лимиттердің болуы шартымен жүзеге асырылатын болады.

Келесі жылы Еуропа даму банкімен өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумды және Ислам жеке секторды дамыту корпорациясымен (ICD) өзара түсіністік туралы меморандумды жасау жоспарланып отыр.

2018 жылы микро-/шағын бизнес кәсіпорындарына қол жеткізуді қамтамасыз ету және қарыз қоржынының тәуекелдерін әртараптандыру үшін қаражаттарды шартты орналастыру бағдарламаларының шарттарын оңтайландыру бойынша жұмыс жалғасады. Микро- және шағын кәсіпкерлердің қаражаттарды шарттасып орналастырудың барлық жеке бағдарламаларына несие өтінімдерін жедел қарастыруды қолдану тәжірибесін ендіру жоспарланады. Сонымен қатар, несие

серіктестіктерін қаржыландыру бойынша қаражаттарды шартты орналастыру өнімін әзірлеу жоспарланады.

Кепілдік беру

«Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында Қор кәсіпкерлердің несиелеріне кепілдік беру шартын жақсартуды және 2018 жылдан бастап кері қайтарылмайтын кепілдіктер беруді жоспарлайды.

Кәсіпкерлерге ыңғайлы болу үшін 180 млн теңгеден астам несие бойынша egov.kz порталында кепілдіктерді қарастыру және алу процесін автоматтандыру бойынша жұмыс жалғастырылады.

Сондай-ақ «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының және «Еңбек» бағдарламасының аясында экономиканың басымдық берілмеген немесе олардың критерийлерін қанағаттандырмайтын ШОК субъектілері үшін «Даму-Оптима» бағдарламасының аясында кепілдік алудың балама мүмкіндіктерін ұсыну бойынша жұмыстарды жалғастыру жоспарланған.

Субсидиялау

2018 жылы Қор «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының аясында brp'online жүйесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының электронды Үкімет порталында «Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің несиелері бойынша субсидиялар беру» мемлекеттік қызметінің бизнес-процестерін автоматтандыру бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлайды.


Қаржылай емес қолдау

2018 жылы Қордың құралдары бойынша қаржылай қолдау алуға екінші деңгейлі банктер мен/микроқаржы ұйымдары/лизингтік компаниялар мақұлдағанға дейін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын сүйемелдеуге ерекше көңіл бөлінетін болады.

2018 жылы Қор 2015–2018 жылдарға Кәсіпкерліктің құзыретін көтерудің бірыңғай бағдарламасының «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтан қолдау» жобасының аясында ісін жаңа бастаған және бизнесі бар кәсіпкерлер үшін жаңа оқу курстарын әзірлеу жоспарланған.

Жоба Қазақстанның аймақтарында жаңа бастаған және әрекет етуші кәсіпкерлердің, кәсіпкерлік бастамамен халықтың кәсіпкерлік құзыретін көтеруге және кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға бағытталған. Жоба кәсіпкерліктің негіздеріне, бизнес жүргізу бойынша әртүрлі тақырыптық курстарды қашықтан оқытуды қарастырады.

Бірыңғай бағдарламаның аясында іске асырылатын «Startup Академия» жобасының аясында 2018 жылы жұмыстарды қайта форматтау жоспарланған. Сонымен, оқыту процесіне түзетулерді енгізу, менторлардың жұмыс сағаттарының санын арттыру, стартап-жобаларды акселерациялық қолдауды күшейту, оқыту кезеңін созу жоспарланады.



6

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қор тәуекелдерін басқару жүйесі Қордың Атқарушы органы мен Басқару органының тәуекелдер және тәуекелдерді азайту бойынша шешімдер туралы уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ететін процесстер мен процедуралар жүйесінен тұрады.

Қордың тәуекелдерін басқару процесінің негізгі элементі оны ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаларымен, бизнес-процестермен біріктіру және тәуекелдерді басқару процесінде әрбір қызметкердің тартылуы болып табылады.

Қордың тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің жұмыс істеуінің жүйелілігі мен үздіксіздігі (бұдан әрі – ТБКЖ) төменде кестеде көрсетілген.



Қазір **ТБКЖ құрылымы** тәуекелдерді басқарудың төрт деңгейінен тұрады: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекел-менеджменті департаменті (ТМД), құрылымдық бөлімшелер (тәуекелдердің иелері).

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «әлсіз» тұстарды анықтау үшін базалық шараларды жүзеге асыру жолымен бар тәуекелдер мен олардың мөлшерлері бойынша жалпы көріністі ұсынуға бағытталған. Аталған процесс негізгі тәуекелдерді басқару рәсімдері мен пайдаланылатын әдістерін бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару – Қор қызметінің тәуекелдерімен байланысты шығындар басталған кезде қаржылық өтеуді алу немесе шығындар ықтималдылығы мен жағымсыз әсерін азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу мен іске асыру процесі болып табылады.

Қорда тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне **мониторинг** (қолданыстағы тәуекелдерді басқару әдістері мен бақылау құралдарын қоса) және қажетіне қарай, оны түрлендіру және жетілдіру жүзеге асырылады.

2017 жылы тәуекелдерді басқару жүйесі «Бизнесің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының шеңберінде ШОК жобаларына кепілдік беру бойынша несие тәуекелдеріне кешенді талдау қағидаттарын іске асыруға бағытталған. Бағдарламаны іске асыру маңыздылығын ескере отырып, Қор жыл сайын жобалық тәуекелдерді бағалау әдіснамасын жетілдіріп отырады, бұл – несие тәуекелдерін ерте сатысында ең төменгі деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді.

Кепілдік беру туралы немесе беруден бас тарту туралы шешімді қабылдау барысында Қор несие тәуекелдерін бағалаудың жеке кешенді әдістемесінің нәтижелерін пайдаланады. Осы әдістеме жобаның қаржылық көрсеткіштеріне жағымсыз әсер етуі және берілген кепілдіктер қоржыны бойынша Қордың несие тәуекелінің

деңгейін ұлғайтуы мүмкін тәуекелдердің өзара байланысқан факторларын кешенді талдауға негізделеді.

Қаржы тәуекелдерін басқару кезінде 2017 жылы тәуекел факторларының үш аймағы ерекшеленді: екінші деңгейдегі банктерге шартты орналастырылған несиелер, бағалы қағаздар қоржыны және ЕДБ уақытша бос қаражаттар. Оларды азайту үшін банк-контрагенттермен жасалатын белсенді операцияларды лимиттеу, ЕДБ, лизингтік компаниялардың және корпоративтік эмитенттердің несие тәуекелдерін қашықтан талдау әдістемелері қолданылды.

Лимиттеу әдістемелерін қолдану қаржы тәуекелдерін басқарудың әдістемелік және техникалық базасын жетілдіру бойынша Тәуекел менеджменті департаментін күшейту нәтижесінде мүмкін болды.

Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуді бастаған сәттен бастап Қорда тәуекелдерді басқару бойынша негізгі әдіснамалық құжаттаманы енгізу бойынша елеулі жұмыстар істелді. Атап айтқан, орталықтандырылған шаралар шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ PWC сыртқы консультантымен бірлесіп Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарын есепке ала отырып, үздік халықаралық тәжірибеге негізделген және тәуекелдердің барлық жекелеген түрлерін басқару мен бағалаудан (несиелік, нарықтық, операциялық, бизнес тәуекелдер, жылжымайтын мүлік тәуекелі), қалыпты және стресстік жағдайларды есепке ала отырып, тәуекелдердің жиынтық мәнін анықтаудан, ішкі капиталдың жеткіліктілігін есептеуден және тәуекел-аппетитті (капиталдың жеткілікті болуы, табыстылық және өтімділік бөлігінде) есептеуден тұратын тәуекелдерді басқару жүйесі енгізілді.

Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес Қор Басқармасы тоқсан сайын Директорлар кеңесіне шоғырландырылған негізде негізгі тәуекелдерді, тәуекелдер бойынша лимиттерді

сақтау жөніндегі ақпараттарды, сонымен қатар негізгі тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтерді сипаттай және талдай отырып, Тәуекелдер жөніндегі есепті ұсынады.

2017 жылы операциялық тәуекелдерді басқару жұмыстары жалғастырылды. Осы бағыттағы жұмыстар бойынша Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері тартылды, құжаттардың кешенді пакеті бекітілді, соның ішінде:

Тәуекелдер тіркелімі мен картасы, тәуекелдерді басқару бойынша шаралар жоспарлары. Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер тәуекелдер картасында көрсетіледі. Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің қатысты маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын тәуекелдерді белгілеуге мүмкіндік береді және оларды басқару бойынша іс-шараларды әзірлеуді талап етеді.

Қордың корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер тіркелімі және тәуекелдер картасы келесі тәуекелдер тобына қатысты болатын тәуекелдерден тұрады: стратегиялық, қаржылық (несиелік, нарықтық, өтімділік тәуекелі), құқықтық және операциялық. «Сары» аймаққа түсетін тәуекелдер Қордың қызметінің тәуекелге барынша жоғары ұшырағыштығын білдіреді. «Жасыл» аймаққа түсетін тәуекелдер тәуекелдерге ұшырағыштықтың ең төменгі деңгейін білдіреді.

Барлық тәуекелдер бойынша іс-шаралар жоспары/тәуекелдерді ең төменгі деңгейге жеткізу бойынша бақылау рәсімдері жасалған:

- тәуекелдердің негізгі индикаторлары (ТНИ) бекітілді;
- іске асырылған және ықтимал тәуекелдер бойынша базаны тұрақты жүргізу тәжірибесі енгізілді;
- Қор қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесі шеңберінде Қордың қызметін қалпына келтіру, дағдарыстық басқару жоспарлары жасалды.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қордағы негізгі тәуекелдер келесі санаттарға бөлінеді.

1. Стратегиялық тәуекел – қате басқару шешімдерінің, қабылданған шешімдерді тиісті жолмен іске асырмау және бизнес-ортадағы өзгерістерге сәйкес емес әрекет ету салдарынан туындайтын капитал мен түсімдер үшін бар немесе әлеуетті тәуекел.

2. Қаржылық тәуекел – күтпеген қаржылық жоғалтулардың туындау ықтималдығы.

3. Операциялық тәуекел – сәйкес емес немесе қате ішкі процестердің, қызметкерлердің әрекеттерінің, жүйенің жұмыс істеуінің нәтижесінде залалдарға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды іске асыру себебінен туындайтын залалдарға әкелетін тәуекел, оның ішінде құқықтық тәуекел (стратегия-

ялық тәуекелді және беделінен айырылу тәуекелін қоспағанда).

4. Құқықтық тәуекел – заңнаманың, нормативтік құқықтық актілердің, келісімдердің, қабылданған тәжірибелердің немесе этикалық нормалардың талаптарын бұзу немесе сақтамау салдарынан туындайтын ықтимал тәуекел.

2018 жылға бекітілген тәуекелдердің тіркелімі (елеулі тәуекелдер берілген)

Тәуекел тобы	Тәуекелдің атауы
Стратегиялық	Қордың негізгі көрсеткіштерін орындамау тәуекелі Сыртқы ұйымдармен (ЕДБ/ЛК/МҚҰ, халықаралық қаржы институттарымен, әлеуетті инвесторлармен), оның ішінде мемлекеттік бағдарламалар, Қордың бағдарламалары бойынша, жеткіліксіз тиімді өзара әрекеттестік ҚР РБ және ҰҚ қаражаттарын тиімсіз пайдалану тәуекелі
Қаржылық	Контрагенттің міндеттемелерін орындамау тәуекелі, сондай-ақ кепілзат нысаны ретінде қолданылатын БҚ құнсыздану тәуекелі (РЕПО) Валюталық тәуекел (шетелдік валютада тартылған қаражаттар бойынша) Өтемпаздық тәуекелі Эмитент контрагент-банктердің қаржылық жағдайының нашарлауы бөлігіндегі несие тәуекелі (депозиттер, БҚ және ЕДБ және заңды тұлғаларға қойылатын басқа талаптар). Қамтамасыз етудің құнының нарықтық тәуекелі, қамтамасыз ету бағасының көтерілу тәуекелі Тікелей қарыз алушының/гарант алушының несие тәуекелі Бір қарыз алушыға талаптарды шоғырландыру тәуекелі
Операциялық	Сәйкес емес, бейрелевантты және/немесе бұрмаланған ақпаратпен немесе оны бизнес-процесті жүзеге асыру кезінде тиісті емес жолмен пайдаланумен байланысты тәуекелдер Сыбайлас жемқорлық, ішкі алаяқтық, ұрлау тәуекелі Сыртқы алаяқтық және ұрлау тәуекелі
Құқықтық	Қордың қызметіне қатысты заңнаманы өзгерту тәуекелі Сотта істі қарау тәуекелі

Операциялық тәуекелдерді тиімді басқару үшін 2018 жылы келесі іс-шараларды жүргізу жоспарланған:

— сапалы және цифрлы ақпаратты жинау үшін операциялық тәуекелдерді басқару процесін автоматтандыру бойынша уақытылы жұмыс;

— операциялық тәуекелдерді ең төменгі деңгейге жеткізу және/немесе болашақта ұқсас инциденттерге жол бермеу мақсатымен бизнес-процестердің иелерімен бірлесіп операциялық тәуекелдің барлық оқиғалары бойынша бақылау шараларын мерзімді әзірлеу;

— тәуекел-үйлестірушілерінің уәждемелік ынталандырумен мүдделілік деңгейін көтеру;
— Қордың қызметкерлерін қашықтан оқытуды мерзімді өткізу;
— операциялық тәуекел-менеджменттің құралдарын қайта қарастыру.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі және бизнес-процестердің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды элементі болып табылады.

Қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында Қор келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатқа (Қордың Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 73 шешімімен бекітілген) COSO (Тредвей Комиссиясының демеушілік ұйымдар комитеті) моделіне сәйкес ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған рәсімдерді қосу бөлігінде өзгертулер/толықтырулар енгізіледі;
- «ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру» ұғымы ішкі бақылауды қорғаудың үш желісінің егжей-тегжейлі сипаттамасымен, неғұрлым толық берілген, оларда ішкі бақылау жүйесінің қатысушылары, олардың құзыреттері, сондай-ақ өкілеттіктері мен міндеттері анықталады;
- ішкі бақылау жүйесінің өзара байланысты бес компоненті егжей-тегжейлі сипатталған (COSO моделіне сәйкес), оған:
 - 1) бақылау ортасы;
 - 2) тәуекелдерді бағалау;
 - 3) бақылау рәсімдері;
 - 4) ақпараттық қамтамасыз ету және ақпаратпен алмасу жүйесі;
 - 5) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және мониторингі кіреді.

Тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйесінде кемшіліктерді анықтау мақсатында анықталған тәртіп бұзушылықтарды/ескертулерді жою бойынша және Қорда ішкі бақылауды жетілдіру бойынша кешенді шаралар қабылданады.

Тәуекел-менеджменті департаменті тұрақты негізде:

- Қордың барлық құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне қатысты Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі – ІАҚ) ұсыныстарын орындау мониторингі;
- Сыртқы аудитті өткізу нәтижелері бойынша ұсынылған ұсыныстарды орындау мониторингі;
- Қордың Жалғыз акционері – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Қордың тәуелсіз директорларының ұсыныстарын орындау мониторингін жүргізеді.





ШЕШІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ ЖҮЙЕСІ

Қордың Жарғысына сәйкес оның басқару органдарына:

1. жоғары орган – Жалғыз акционер;
2. басқару органы – Директорлар кеңесі;
3. атқарушы орган – Басқарма;
4. Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыратын орган – ІАҚ;
5. Ішкі несиелік саясатын жүзеге асыратын орган – Несие комитеті;
6. активтер мен міндеттемелерді әртараптан-дыру қағидаларына қол жеткізу, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша орган – Активтер мен пассивтерді басқару бойынша комитет;
7. несиелік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктерді шығару), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалы дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмыстарды жүзеге асыру бойынша орган – Проблемалы активтермен жұмыс істеу комитеті;
8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған басқа органдар жатады.

Директорлар кеңесі

Қордың Директорлар кеңесі Қордың қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің қызметі – Қордың Даму стратегиясын бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және басқалар болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің қызметін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне, Қордың Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Жалғыз акционердің шешімдеріне, Директорлар кеңесі туралы Ережеге, Қордың басқа ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің құзыреті шегінде қабылданған Директорлар кеңесінің шешімдері Қордың атқарушы органымен, құрылымдық бөлімшелерімен, лауазымды тұлғаларымен және жұмыскерлерімен орындау үшін міндетті сипатқа ие.

Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік және жауапкершілік, Жалғыз акционердің және Қордың мүддесін барынша сақтау мен іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаларына негізделеді.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің алдында өзінің қызметінің толық айқындылығын қамтамасыз етеді.

Басқарма

Басқарма Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге есеп беретін, Қордың Жарғысына сәйкес құрылған және Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде Қордың ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын Қордың алқалық атқарушы органы болып табылады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Қордың Жарғысымен Қордың басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қор қызметінің кез келген мәселелері, сондай-ақ заңнамамен және Қордың Жарғысымен өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Басқарма қажетіне қарай Қордың Басқарма мүшелерінің, жұмыскерлерінің және басқа тұлғалардың қатарынан Қордың қызметінің жеке бағыттары бойынша Басқарма мүшелері мен Төрағасы үшін ұсынбалы сипатқа ие шешімдерді дайындау үшін, оның ішінде Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарастыруды жүзеге асыру, сондай-ақ арнайы білімді талап ететін мәселелерді шешу үшін, немесе Қордың қызметінің жедел міндеттерін шешу үшін тәуелсіз сарапшыларды тарту үшін алқа-

лық жұмыс органдарын (комитеттерді, комиссияларды) құруға құқылы.

Қордың Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп Қордың корпоративтік сайтында орналастырылған.

Ішкі аудит қызметімен жүргізілген Қордың 2015–2016 жылдар кезеңі ішіндегі корпоративтік басқару диагностикасының нәтижесі бойынша корпоративтік басқару деңгейінің үздік тәжірибе талаптарына сәйкестігі 80,1% құрайды.

2017–2018 жылдар үшін Қордың корпоративтік басқару диагностикасы 2019 жылы жоспарланып отыр.

Ұйымдық құрылымы

Қордың ұйымдық құрылымы стратегиялық мақсаттар мен міндеттері тиімді шешуге мүмкіндік береді. Қорда 21 департамент, 2 қызмет және 16 аймақтық филиал бар.


Жалғыз акционер

Қордың Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2013 жылы құрылған. Негізгі міндеті – жеке меншік құқы бар, сонымен қатар ұлттық даму институттары, ұлттық компаниялар, басқа заңды тұлғалар сеніп басқаруға берген акциялар пакетін (қатысу үлесі) басқару болып табылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамыр күнгі № 571 Жарлығына орай даму институттарын, қаржылық ұйымдарды басқару жүйесін оңтайландыру мен ұлттық экономиканы дамыту мақсатында құрылған. 2014 жылдың соңына қарағанда, Холдинг өзінің аясына 11 еншілес ұйымды біріктірді.

Холдингтің маңызды міндеттерінің бірі Холдинг компаниялары тобының тиімді және бір-бірін толықтыратындай жұмыс істеуін қамтамасыз ету болып табылады.

ҚОРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СҮЛБАСЫ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

2018 жылдың 1 қаңтарына Қордың Директорлар кеңесінің құрамында 7 мүше бар, олардың ішінде 3 – тәуелсіз директорлар.

Директорлар кеңесінің құрамы



Директорлар кеңесінің Төрағасы

Досаев Ерболат Асқарбекұлы

(1970 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2016 жылғы 13 қыркүйек).

- Алматы энергетикалық институтын, Бауман атындағы Мәскеу Мемлекеттік техникалық университетін бітірді.
- 2003 – 2004 жж. – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, 2004 – 2006 жж. – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі. 2012 жылдан 2016 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика министрі. 2016 жылғы мамыр айынан бастап 2017 жылдың тамыз айына дейін – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының Төрағасы. 2017 жылдың тамыз айынан бастап – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Орынбасары.
- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Каззахэкспорт» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады.
- Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі

Жолдыбаева Ғалия Тағыбердіқызы

(1973 ж.т., Директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні – 24 қыркүйек 2012 жыл, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні – 15 сәуір 2013 жыл).

- 1996 жылы Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Юриспруденция» мамандығы бойынша бітірген.
- 2012 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту комитетінің төрайымы болып тағайындалды. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаментінің директоры.
- Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Директорлар кеңесінің мүшесі

Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы

(1974 ж.т., Директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні – 8 ақпан 2017 жыл, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні – 5 сәуір 2017 жыл).

- Қордың Жалғыз акционерінің – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілі.
- Қазақ мемлекеттік басқару академиясын бітірген, ҚР ИІМ Дипломатиялық академиясын үздік бітірген, «Болашақ» президенттік бағдарламаның шегінде Колумбия университетін бітірген, 2008 жылы экономикалық саясатты басқару бағдарламасы бойынша мемлекеттік басқару магистрі дәрежесін алған.
- 2017 жылдың желтоқсан айынан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қор Басқармасының Төрағасы.
- Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Тәуелсіз директор

Ертлесова Жаннат Жұрғалиқызы

(1956 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2012 жылғы 26 наурыз, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні -2013 жылғы 15 сәуір).

- 1978 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін «математик» мамандығы бойынша тәмамдаған. Экономика ғылымдарының докторы, профессор, 50 астам ғылыми еңбектің авторы.
- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде басшы лауазымында (Вице-Министр, Бірінші Вице-Министр) болды, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшысының орынбасары. «Қазақтелеком» ААҚ вице-президенті, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік даму бойынша басқарушы директор болып жұмыс істеген. 2007 жылдың маусым айынан бастап 2007 жылдың қыркүйек айына дейін «Қазына» Орнықты дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары болып жұмыс істеген. 2007 жылдың ақпанынан бастап – «Қазына» Орнықты дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі. 2007 жылдың ақпанынан бастап Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің штаттан тыс Кеңесшісі болып жұмыс істейді. Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының Басқару Кеңесінің Төрайымы.
- Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Тәуелсіз директор

Жандосов Ораз Әлиұлы

(1961 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2012 жылғы 24 қыркүйек, Директорлар кеңесіне ағымдағы сайланған күні -2013 жылғы 15 сәуір)

- 1983 жылы М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетін «экономист-кибернетик» мамандығы бойынша үздік бітірген.
- Қазақстанның Ғылым академиясының Экономика институтында жұмыс істеген. Әртүрлі жылдары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің Басқарма Төрағасының, Премьер-министрдің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасының Инвестициялар бойынша мемлекеттік комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің-Премьер-министрдің Орынбасары, «KEGOC» ААҚ Президенті, Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Төрағасы лауазымында жұмыс істеген.
- 2008 жылдан – қазіргі уақытта – «РАКУРС» Экономикалық Талдау Орталығының директоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Президиум мүшесі.
- «Қазпошта» АҚ, «Батыс Транзит» АҚ, «Golden Compass Capital» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директор болып табылады.
- Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.



Тәуелсіз директор

Бисекеев Серікбай Жолдыбайұлы

(1971 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 2014 жылғы 31 шілде)

- Ленинград Политехникалық институтын бітірген.
- Энергетика және телекоммуникация саласындағы біріктірілген шешімдердің өндірушісі және жеткізушісі Arman Holding КТ негізін қалаушысы және Президенті.
- 2000 жылдан – қазіргі уақытқа дейін – «ArmanHolding» КТ президенті. 2013 жылы «Ғалымдардың Еуразиялық Экономикалық клубы» Қауымдастығының Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен ынтымақтастығы мәселелері бойынша Вице-президент мәртебесі берілген.
- Азаматтығы: Ресей Федерациясы.



Директорлар кеңесінің мүшесі

Сарқұлов Абай Серікұлы

(1981 ж.т., Директорлар кеңесіне сайланған күні – 23 ақпан 2017 жыл).

- К.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін бітірген.
- 2007–2017 жылдары «Қазақстанның Даму банкі» АҚ жұмыс істеген, «ҚДБ» АҚ басқарушы директоры-Басқарма мүшесі (2015–2016 жылдар), «ҚДБ» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары (2016–2017 жылдар). «ҚДБ-Лизинг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болған.
- 2017 жылдың ақпан айынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма Төрағасы болып табылады.
- Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

2017 жылдың ішінде Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгертулер орын алды.

1. Жалғыз акционердің 2017 жылғы 5 қаңтардағы (№ 01/17) шешімімен 2017 жылдың 5 қаңтарынан бастап Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде К. А. Тулеушиннің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.
2. Жалғыз акционердің 2017 жылғы 8 ақпандағы (№ 06/17) шешімімен:
 - Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі ретінде Л. Е. Ибрагимованың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды;
 - Әріпханов А. Ә. жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.
3. Жалғыз акционердің 2017 жылғы 23 ақпандағы (№ 08/17) шешімімен 2017 жылдың 27 ақпанынан бастап Сарқұлов Абай Серікұлы жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен Төраға Басқармасы және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.
4. Жалғыз акционердің 2017 жылдың 5 сәуіріндегі (№ 15/17) шешімімен Директор-

лар кеңесінің құрамы 5 адам құрамында анықталды, Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі- 5 жыл. Жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін мерзіммен Директорлар кеңесінің мүшелері сайланды: Мамин А. Ұ., Досаев Е. А., Әріпханов А. Ә., Сарқұлов А. С. Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде сайланды: Бисекеев С. Ж. (тәуелсіз директор) 2020 жылдың 30 шілдесіне дейін өкілеттік мерзімімен, Ертлесова Ж. Ж. (тәуелсіз директор) 2018 жылдың 25 наурызына дейін өкілеттік мерзімімен, Жандосов О. Ә. (тәуелсіз директор) 2018 жылдың 23 қыркүйегіне дейін өкілеттік мерзімімен, Джолдыбаева Г. Т. 2018 жылдың 23 қыркүйегіне дейін өкілеттік мерзімімен.

5. Жалғыз акционердің 2017 жылдың 4 қазанындағы (№ 38/17) шешімімен:
 - Директорлар кеңесінің мүшелері А. Ұ. Мамин мен Е. А. Досаевтың Жалғыз акционердің өкілі ретіндегі өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.
 - Досаев Е. А. жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.

— Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде Е. А. Досаевты сайлау ұсынылды.

6. Директорлар кеңесінің 2017 жылдың 5 қазандағы (№ 81 хаттама) шешімімен құпия дауыс беру қорытындысы бойынша, ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 56 бабына сәйкес Досаев Е. А. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде сайланды.

Тәуелсіз директорларды іріктеу процесі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Еншілес ұйымдардың тәуелсіз директорларын іріктеу, сыйақы төлеу және шығындарын өтеу ережелерімен регламенттелген (2014 жыл).

Негізінен, аталған Ережелер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларына қойылатын талаптарды анықтайды, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес тәуелсіз директорды анықтауды, қаржы, аудит және бақылау, сыйақы/әлеуметтік мәселелер/корпоративтік мәдениет, инвестицияларды басқару, кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мамандар-тәуелсіз директорлар лауазымына кандидаттар үшін арнайы талаптарды қоса.

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



Басқарма Төрағасы

Сарқұлов Абай Серікұлы

Қордың басқармасына басшылық етеді. Қордың барлық құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің қызметін жалпы бақылауды, үйлестіруді және басшылықты жүзеге асырады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма Төрағасының көмекшісінің, Қауіпсіздік қызметінің, Тәуекел-менеджменті департаментінің қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басшылық етеді.



Басқарма Төрағасының Орынбасары

Ақшанов Нұрлан Сағындықұлы

«Бизнестің жол картасы» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасының, «Бизнестің жол картасы 2020» Бағдарламасының, 2012–2017 жылдарға Жаңаөзен қаласында кәсіпкерлікті дамытудың арнайы жоспарының, «Нұрлы жер» Бағдарламасының аясында Субсидиялау департаментінің, Кепілдік беру департаментінің, Бағдарламалық құралдар департаментінің және Клиенттік сервис департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



Басқарма Төрағасының Орынбасары

Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы


Халықаралық ынтымақтастық департаментінің, Маркетинг департаментінің және Қарыз алу департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



Басқарма Төрағасының Орынбасары

Нұрғазиев Ғалым Нұрғазыұлы

Басқарушы директорды, Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу департаментінің, аймақтық филиалдардың, Ақпараттық-аналитикалық департаменттің және баспасөз хатшысының жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.





Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Ұласбеков Қуаныш Серікұлы

Басқарушы директордың, Стратегия және корпоративтік даму департаментінің, Бизнес-технологиялар департаментінің, Ақпараттық технологиялар департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.



Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Финогонова Алена Валерьевна

Қордың қаржы мәселелеріне, оның ішінде Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментінің, Бюджеттік жоспарлау департаментінің және Қазынашылық департаментінің мәселелеріне жетекшілік етеді және үйлестіреді.



Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

Шәріпов Әсет Болатұлы

Мониторинг департаментінің, Проблемалы активтермен жұмыс бойынша департаменттің, Заң департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Қордың Басқарма мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады; Қордың акцияларына, Қордың жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

2017 жылдың ішінде Басқарма құрамында келесі өзгертулер орын алды.

1. Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы (№ 76/16) шешімімен 2016 жылдың 20 желтоқсанынан бастап Н. С. Ақшанов Басқарма Төрағасының Орынбасары және Басқарма мүшесі ретінде тағайындалды.
2. Жалғыз акционердің 2017 жылғы 5 қаңтардағы (№ 01/17) шешімімен 2017 жылдың 5 қаңтарынан бастап Басқарма Төрағасы және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде

К. А. Тулеушиннің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

3. Жалғыз акционердің 2017 жылғы 23 ақпандағы (№ 08/17) шешімімен 2017 жылдың 27 ақпанынан бастап Сарқұлов А. С. жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін өкілеттік мерзімімен Төраға Басқармасы және Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.
4. Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі (№ 80/17) шешімімен 2017 жылдың 3 шілдесінен бастап Басқарушы директор-Басқарма мүшесі лауазымына тағайындалды: Шәріпов Ә. Б., Ұласбеков Қ. С.
5. Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы (№ 83/17) шешімімен 2017 жылдың 15 желтоқсанынан бастап

Нұрғазиев Ғ. Н. Басқарма Төрағасының Орынбасары және Басқарма мүшесі ретінде тағайындалды.

6. Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 7 сәуірдегі (№ 78/17) шешімімен Басқарма Төрағасының Орынбасары М. Б. Бейсембаевтың өкілеттіктері тоқтатылды.
7. Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 3 шілдедегі (№ 80/17) шешімімен Басқарушы директор – Басқарма мүшесі А. К. Кожабековтың өкілеттіктері тоқтатылды.
8. Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы (№ 83/17) шешімімен Басқарушы директор-Басқарма мүшесі Г. А. Лесбековтың өкілеттіктері тоқтатылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2017 жылы Директорлар кеңесінің 7 бет-бет отырысы өткізілген. 100 аса мәселелер қарастырылған. Есептік жылда Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің 4 отырыстары өткізілді. Барлық отырыстар бет-бет өкізу тәртібінде өткізілген.

Сонымен қатар, тәуелсіз директорлардың бастамасы бойынша 2017 жылы екі стратегиялық сессиялар өтті, олардың шегінде Қордың Даму стратегиясын өзектендіру мәселелері, 2017 жылға басшы қызметкерлердің қызметінің негізгі көрсеткіштер картасының жобасы және басқа мәселелер қарастырылды.

Сонымен қатар, тәуелсіз директорлардың ұсынысы бойынша 2017 жылы қараша айында комитеттердің бірлескен отырысы өткізілді, оның шегінде ковенанттарды сақтау, ЕДБ қарыз қоржындарының сапасы, ақпараттық қауіпсіздік және т.б. бойынша мәселелер қарастырылды.

2017 жылғы Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінің отырыстарға қатысуы

№	Т.А.Ә.	ДК қатысу	%
1.	Мамин Асқар Ұзақбайұлы Досаев Ерболат Асқарбекұлы (2017 жылдың 5 қазанынан бастап)	4/4 3/3	100% 100%
2.	Жолдыбаева Ғалия Тағыбердіқызы	6/7	86%
3.	Досаев Ерболат Асқарбекұлы	7/7	100%
4.	Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	7/7	100%
5.	Жандосов Ораз Әлиұлы	7/7	100%
6.	Ертлесова Жаннат Жұрғалиқызы	5/7	71%
7.	Бисекеев Серікбай Жолдыбайұлы	5/7	71%
8.	Сарқұлов Абай Серікұлы (2017 жылдың 27 ақпаннан бастап)	6/7	86%

Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмысы

Қордың Директорлар кеңесінің жанында 3 комитет жұмыс істейді: стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша, аудит бойынша, тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Директорлар кеңесінің жанындағы бейіндік комитеттерге тәуелсіз директорлар басшылық етеді.

Комитеттердің қызметі Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілген тиісті ережелермен регламенттелген.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша комитет Қордың даму стратегиясын әзірлеуге, іске асыруға және түзетуге қатысты мәселелер бойынша ұсыныстар мен кеңестерді дайындайды, Қордың даму жоспарын бекітеді, оларды іске асыру мониторингін жүргізеді, бюджеттеу жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды енгізеді және т.б.

2017 жылы Комитеттің 8 бетпе-бет отырыстары өткізілді, 40 астам мәселелер қарастырылды, оның ішінде алдын ала қарастырылды: Қордың 2016 жыл үшін жылдық есебі, 2016 жыл

дың қорытындысы бойынша Қордың Стратегиясын іске асыру бойынша есеп, Қордың Стратегиясының жаңа редакциядағы жобасы, 2017–2022 жылдарға Қордың Даму жоспары, 2017–2019 жылдарға Қордың Стратегиясын іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары, Қордың басшы қызметкерлерінің қызметінің және олардың 2018 жылға мақсатты мәнінің негізгі көрсеткіштер картасы (корпоративтік ҚНҚ бөлігінде) және т.б.

Аудит бойынша комитет Директорлар кеңесіне Қордың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылаудың тиімді жүйесін анықтау, ішкі, сыртқы бақылау жүйелерінің тәуелсіздігі мен тиімділігін бақылау, тәуекелдерді, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындауды бақылау және басқару және т.б. бойынша ұсыныстарды әзірлеумен айналысады.

2017 жылы Комитеттің 7 бетпе-бет және бір сырттай отырысы өткізілді, онда 60 астам мәселелер қарастырылды, оның ішінде алдын ала ІАҚ тоқсандық есептері, Қордың тәуекелдер бойынша тоқсандық есептері, Қордың Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген қағидаларды сақтауы туралы есептерді, 2016 жыл үшін қордың жылдық қаржылық есептемесін,

Қордың Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар, Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда және т.б. қарастырылды.

Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша комитет Директорлар кеңесінің және Басқарма құрамына жоғары білікті мамандарды тарту мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу және Директорлар кеңесіне ұсыну; Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесіне сыйақыны анықтау туралы-Басқарма мен Корпоративтік хатшының сыйақысын анықтау туралы Жалғыз акционерге ұсыныстарды жасау мақсатында құрылған.

2017 жылы Комитеттің 8 бетпе-бет отырыстары өткізілді, оларда 2017 жылға Қордың басшы қызметкерлерінің қызметінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің картасы (функционалдық ҚНҚ), Қордың жаңа редакциядағы ұйымдық құрылымы, Басқарманың құрамына өзгертулер, 2018 жылға Қордың басшы қызметкерлерінің қызметінің негізгі көрсеткіштер және олардың мақсатты мәндерінің картасы (функционалдық ҚНҚ) қарастырылған.

2018 жылдың 1 қаңтарына бейінді комитеттердің құрамы келесі түрде ұсынылған:

2017 жылғы комитеттердің отырыстарына қатысу және құрамы

№	Қатысу	%	
Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша комитет			
1. Комитеттің Төрағасы	Жандосов О. Ә., тәуелсіз директор	8/8	100%
2. Комитеттің мүшесі	Әріпханов А. Ә. (2017 жылдың 24 ақпанынан бастап), Жалғыз акционердің өкілі	6/8	75%
3. Комитеттің мүшесі	Жолдыбаева Ф. Т., Директорлар кеңесінің мүшесі	5/8	62%
4. Комитеттің мүшесі	Бисекеев С. Ж., тәуелсіз директор	6/8	75%
Аудит бойынша комитет			
1. Комитеттің Төрағасы	Ертлесова Ж. Ж., тәуелсіз директор	8/8	100%
2. Комитеттің мүшесі	Әріпханов А. Ә., Жалғыз акционердің өкілі	7/8	87%
3. Комитеттің мүшесі	Бисекеев С. Ж., тәуелсіз директор	5/8	62%
Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша комитет			
1. Комитеттің Төрағасы	Бисекеев С.Ж., тәуелсіз директор	8/8	100%
2. Комитеттің мүшесі	Жандосов О. Ә., тәуелсіз директор	7/8	87%
3. Комитеттің мүшесі	Әріпханов А. Ә., Жалғыз акционердің өкілі	5/8	62%

Қордың Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігін бағалау шегінде 2017 жылы Директорлар кеңесінің кейбір мүшелерімен келесі ұсыныстар жасалды.

1. Жалпы 2017 жылы Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы жеткілікті теңдестірілді және оңтайлы. Тәуелсіз директормен халықаралық тәжірибеге сәйкес келуі мақсатында Директорлар кеңесіне 5 тәуелсіз директорлардың кіруі ұсынылды.

ҚОРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Қордың қызметін бақылау мен ішкі аудитті ұйымдастыру мен жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесіне есеп береді, оның миссиясы Қордың Директорлар кеңесіне және Басқармасына Қордың стратегиялық міндеттеріне қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсетуден тұрады.

ІАҚ қызметіне жетекшілік ету Қордың Директорлар кеңесінің жанындағы Аудит комитетімен жүзеге асырылады. Өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде Қордың ІАҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыны, Қордың органдарының шешімдерін, ІАҚ туралы ережені және Қордың басқа ішкі нормативтік құжаттарын, сондай-ақ Ішкі аудиторлар институтының ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерін басшылыққа алады.

Қордың Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 76 шешімімен бекітілген 2017 жылға жылдық аудиторлық жоспарға (бұдан әрі – ЖАЖ) сәйкес, ІАҚ 17 аудиторлық қорытындылар жасалған, тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау (әкімшілік шығындардың жеке түрлерінің лимиттерінің мониторингі; Қордың Басқармасының қызметінің функционалдық негізгі көрсеткіштерін, қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерінің

2. Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің жұмысының тиімділігі «жақсы» және «өте жақсы» ретінде бағаланған. Бұл ретте, директорлардың пікірі бойынша келесі құзыреттіліктерді көтеру қажет: іскерлік пайымдаулар, стратегиялық көрініс, сала ерекшелігін білу, мамандану және материалдарды қарастыру, Директорлар кеңесінің отырысының хаттамасына қол қою.

3. Директорлар кеңесінің мүшелерінің білімі мен дағдыларын келесі пәндер бойынша көтеру қажеттілігі анықталған: стратегиялық менеджмент, корпоративтік басқару, қаржылық талдау және тәуекелдерді басқару.

4. Сондай-ақ тәуелсіз директорлармен Директорлар кеңесінің қызметін бағалау сауалнамасына кейбір түзетулерді енгізу ұсынылған.

жетістіктерін тексеру; Қордың келесі құрылымдық бөлімшелерінің аудиті: Проблемалы активтермен жұмыс бойынша департамент; Қауіпсіздік департаменті, Кепілдік беру департаменті, Бағдарламалық құралдар департаменті, Бухгалтерлік есеп және есептілік департаменті, Субсидиялау департаменті, Әкімшілік департаменті, Тәуекел-менеджменті департаментінің бизнес процесінің аудиті: несие тәуекелдерін басқаруды бағалау; Астана қ. бойынша, Қостанай және Жамбыл облыстары бойынша аймақтық филиалдардың аудиті).

Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің (ТБЖ), ішкі бақылау жүйесінің (ІБЖ) және корпоративтік басқарудың (КБ) тиімділігін бағалау ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген тиісті әдістемелердің негізінде өткізілген. Жүргізілген бағалаулардың нәтижесі бойынша келесі баллдар берілген: ТБЖ (81,31%), ІБЖ (93,2%) және КБ (80,1%).

Аудит объектілерімен жүргізілген аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша тәуекелдерді төмендетуге, қолданыстағы ішкі бақылау жүйелерін жақсартуға, корпоративтік басқару жүйесін және корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін ары қарай жетілдіруге бағытталған 110 ұсыныстар қабылданған.

Барлық берілген ұсыныстар бойынша аудит объектілерімен түзетуші және/немесе алдын алу әрекеттерінің жоспарлары әзірленген.

Тоқсан сайынғы негізде ІАҚ сыртқы аудиторлар мен ІАҚ ұсыныстарын орындау мониторингі жүзеге асырылады. Мониторинг нәтижелері туралы ақпарат аудит бойынша комитетке және Қордың Директорлар кеңесіне беріледі.

ІАҚ қызметкерлері Ішкі аудит стандарттарының талаптарына сәйкес келесі тақырыптарда: «Корпоративтік тәуекел менеджменті», «Корпоративтік құқық: біліктілікті көтеру», және СІА бағдарламасы бойынша семинарда біліктілігін көтеруге қатысты (I бөлім).

ІАҚ Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген қызметтің негізгі көрсеткіштерінің негізінде өз қызметінің тиімділігін тұрақты ішкі бақылауды қамтамасыз етеді.

2017 жылы кеңес беру қызметін көрсету шартының негізінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС арасында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ІАҚ тобының, оның ішінде Қордың ІАҚ жұмысының тиімділігі мен сапасын сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізілді. Сыртқы бағалау нәтижелері бойынша Қордың ІАҚ қызметі Ішкі аудиттің анықтамасына, Этика кодексіне және Ішкі аудиторлар институтының Стандарттарына «сәйкес келетін» ретінде бағаланған. «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-нің берген ұсыныстары бойынша ІАҚ-де ІАҚ қызметін ары қарай жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді және Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді.

СЫРТҚЫ АУДИТОР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жылдық қаржы есептемесінің шынайылығын тексеру және растау және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін бағалау үшін Қор конкурстық іріктеу негізінде кәсіби аудиторлық ұйымды (сыртқы аудиторды) тартады. Белгіленген тәртіпте қаржы есептемесінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау Қордың Жалғыз акционерінің айрықша құзырына жатады.

2017 жыл үшін қаржылық есептеме аудиті «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-мен өткізілді. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-не 2017 жылғы қаржы есептемесінің аудиті бойынша қызметтер үшін төленген сыйақы мөлшері 10 640 мың теңгені құрады, ҚҚС-пен.

«Прайсуотерхаус Куперс» ЖШС-мен 2017 жылы жеке қызметтер көрсетілді:

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қор Басқармасы

Қордың атқарушы органы 7 адам және тұрақты шақырылған Қордың Басқарушы директорлары құрамымен Басқарма болып табылады. Қордың Басқармасы апта сайын мәжіліс құрады және Қордың оперативті басқару бойынша шешім қабылдайды. 2017 жылы Басқарманың 106 отырысы өткізілді, онда 1 290 мәселе қарастырылды.

Басқармамен қарастырылатын негізгі мәселелер, бұл екінші деңгейдегі банктерде қаражаттарды шарттасып орналастыру, сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне кепілдік беру, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру мониторингін жүзеге асыру және басқалар. Сонымен қатар, 2017 жылы Қорда электронды құжат айнылымы жүйесі ендірілді және осымен байланысты Қордың ішкі құжаттарына бірқатар өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

- оқыту семинарларын өткізу бойынша, көрсетілген қызметтер үшін сыйақы мөлшері 343 мың теңгені құрады, ҚҚС-пен;
- ХҚЕС-9 сәйкес жаңа әдіснаманы ендірудің әсерін бағалау және алшақтауларды талдауды (ГЭП-талдау) жүргізу бойынша. Көрсетілген қызметтер үшін сыйақы мөлшері 22 142 мың теңгені құрады, ҚҚС-пен;
- ХҚЕС-9 талаптары бойынша қаржылық құралдардың құнсыздануы бойынша әдіснамаға тәсілдерді әзірлеу бойынша, сондай-ақ есеп саясаттары мен қаржы құралдарын жіктеу және бағалау бойынша құжаттарды жаңарту бойынша. Көрсетілген қызметтер үшін сыйақы мөлшері 48 160 мың теңгені құрады, ҚҚС-пен.

Қаржылық есептеме аудитін өткізген аудиторлық ұйымның бұрынғы қызметкерлері Қормен жұмысқа қабылданған жоқ.

Басқарма жанындағы Комитеттердің жұмысы

Қордың Басқармасының жанында тұрақты әрекет ететін комитеттер құрылған, олар операциялық қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша мәселелерді қарастырады және Басқармаға оларды тиімді шешу бойынша ұсыныстар жасайды.

Несие комитеті

Қордың ішкі несие саясатын жүзеге асыратын және кепілдік беру және субсидиялау мәселелері бойынша шешім қабылдайтын алқалық орган. 2017 жылы Комитетпен 1 772 жоба қарастырылған.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

Активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, қаржылық тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз

ету қағидаларына қол жеткізу мақсатында Қордың активтері мен міндеттемелерін басқару тиімділігін арттыру бойынша алқалық орган. 2017 жылы Комитетпен 65 отырыс өткізілген.

Проблемалы активтермен жұмыс бойынша комитет

Қордың несиелік, лизингтік, құжаттамалық (кепілдіктерді сатып алу), инвестициялық, шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған проблемалы дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмыстарды жүзеге асыру бойынша алқалық орган. 2017 жылы Комитетпен 24 отырыс өткізілді, 149 мәселе қарастырылды.

Кадрлық саясат бойынша комитет

Комитеттің қызмет мақсаты кадрлық саясатты іске асыруды қамтамасыз ету, еңбек жағдайлары мен мазмұнына қойылатын талаптарды, қызметкерлердің біліктілігі мен құзыретін анықтайтын кәсіби стандарттарды әзірлеу және ендіру, бизнес-бағыттардың қажеттілігін, оларды оңтайлы орналастыруды және тиімді пайдалануды есепке ала отырып, кадрлық ресурстарды жоспарлаудың кешенді жүйесін дамыту, корпоративтік үздіксіз білім беру жүйесін дамыту негізінде басқарудың барлық деңгейлерінің қызметкерлерінің кәсіпқойлығын көтеру, қызметкерлерді әлеуметтік қорғауды және еңбек жағдайын жақсартуды қамтамасыз ету, Қордың Даму стратегиясына сәйкес жұмысты жоспарлау, Қордың құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлы шараларын орындауды бақылауды ұйымдастыру және Қордың басқа органдарының /Қор Басқармасының жанындағы комитеттердің құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер болып табылады.

2017 жылы комитетпен 32 отырыс өткізілді, 238 мәселе қарастырылды.

Бюджет комитеті

Комитеттің қызметінің мақсаты сәйкес Қордың бюджетінің жобасының көрсеткіштерін анықтау бойынша ұсыныстарды жасау және қамтамасыз ету, Қордың қолданыстағы бюджетіне түзетулер енгізу бойынша, Қордың

бюджетін орындауды бағалау нәтижелерін қарастыру бойынша ұсыныстарды жасау, Қордың құрылымдық бөлімшелерімен/аймақтық филиалдарымен ұсынылған мәліметтердің негізінде Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жылдық жоспарына өзгертулер мен толықтырулардың қажеттілігінің негізділігін анықтау, Қордың мүлкін есепке алуға қатысты мәселелерді қарастыру, Қордың басқа органдарының/Қор Басқармасының жанындағы комитеттердің құзырына жатпайтын Қордың әкімшілік-шаруашылық қызметін қамтамасыз етумен байланысты мәселелерді қарастыру болып табылады.

2017 жылы Комитетпен 27 отырыс өткізілді, 125 мәселе қарастырылды.

Өзгерістерді басқару комитеті

Комитеттің қызметінің мақсаты Қордың әрекет етуші/жаңа бизнес-процестерді жетілдіру, автоматтандыру және оңтайландыру, сондай-ақ жаңа өнімдерді қарастыру, алдын ала бекіту бойынша жұмысты жүзеге асыру болып табылады.

2017 жылы Комитетпен 15 отырыс өткізілді, 101 мәселе қарастырылды.

Корпоративтік жанжалдарды және мүдделер жанжалын реттеу саясаты

Қордың Корпоративтік жанжалдарды және мүдделер жанжалын реттеу бойынша саясатының мақсаты Қордың органдарымен Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделерінде әділ, объективті және тәуелсіз шешім қабылдау процесін қамтамасыз ету есебінен қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру болып табылады.

Жанжалдардың алдын алу мақсатында Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері жанжалдарды болдырмай, өздерінің кәсіби функцияларын Қордың және Жалғыз акционердің мүддесінде адал және орынды орындайды, сондай-ақ өзінің қызметінің заңнаманың, Қордың ішкі құжаттарының, Жалғыз акционердің актілерінің талаптарына, этикалық стандарттарға және іскерлік этиканың жалпы

қабылданған нормаларына толық сәйкестікті қамтамасыз етеді.

Корпоративтік жанжалдарды және мүдделер жанжалын реттеу бойынша саясатқа сәйкес Қордың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері мүдделері жанжалына жол бермеу мақсатында мүдделер жанжалын ықтимал туындатулары мүмкін кез келген іс-әрекеттер мен өзара қарым-қатынастарды болдырмауға міндетті.

СЫЙАҚЫ САЯСАТЫ

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін өтеусіз негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдардың тәуелсіз директорларын іріктеу, сыйақы төлеу және шығындарды өтеу ережелеріне сәйкес анықталады.

Тәуелсіз директорға келесі сыйақы түрлері белгіленеді:

- 1) Директорлар кеңесіне мүшелік үшін тиянақталған жылдық сыйақы;
- 2) Директорлар кеңесінің бір комитетінде комитеттің төрағасы ретінде мүшелігі үшін тиянақталған жылдық сыйақы;

- 3) Директорлар кеңесінің бір комитетінде мүшелік үшін тиянақталған жылдық сыйақы.

2017 жыл үшін Қордың тәуелсіз директорларына-Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленген сыйақы мөлшері 13 725 мың теңгені құрады.

теңге

Тәуелсіз директордың Т.А.Ә.	Директорлар кеңесінің комитеттеріндегі жұмысы туралы ақпарат	Сыйақы Барлығы бойынша	Оның ішінде (сыйақы құрылымы)			Төленген сыйақы
			Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін	Комитеттегі жұмысы үшін		
			Комитет төрағасы ретінде	Комитет мүшесі ретінде		
Жандосов Ораз Әлиұлы	Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау комитетінің Төрағасы, Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша комитеттің мүшесі	5 083 334	4 444 444	416 667	222 223	4 575 001
Ертлесова Жаннат Жұрғалиқызы	Аудит бойынша комитеттің Төрағасы, Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша комитеттің мүшесі	4 861 111	4 444 444	416 667		4 375 000
Бисекеев Серікбай Жолдыбайұлы	Тағайындаулар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша комитеттің Төрағасы, Аудит бойынша комитеттің мүшесі, Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау бойынша комитеттің мүшесі	5 305 555	4 444 444	416 667	444 444	4 774 999

Қордың басшы қызметкерлерінің еңбек ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы ережелері сыйақы жүйесінің келесі қағидаларын қарастырады:

- Қордың және оның Жалғыз акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін мақсаттар мен міндеттерді орындаумен байланысты сыйақының өзара байланысы;
- сыйақы мөлшерін анықтау қағидаларының қарапайымдылығы мен әділдігі;

— Қордың қызметінің нәтижелеріне және басшы қызметкерлердің жеке нәтижелілігіне сыйақы мөлшерінің тәуелділігі.

Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау үшін қызметтің тиімділігінің негізгі көрсеткіштер жүйесі қолданылады, ол жұмыстағы жоғарыда аталған қағидаларды қолдануды барынша қамтамасыз етеді және Қордың Басқармасының әрбір мүшесінің дербес нәтижелілігін

сенімді және әділ бағалау, тиімді жоспарлау және мақсаттарды қою процесі арқылы Қордың қаржылық-өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға себін тигізеді. Аталған факторлар басшы қызметкерлермен корпоративтік және жеке ҚНҚ қол жеткізу дәрежесін елеулі арттырады.



8

ҚОРДЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ

АДАМ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Қорда адам ресурстарын басқару саясаты келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- адам ресурстарын басқарудың бірыңғай моделін қалыптастыру;
- еңбек тиімділігін арттыру саясаты;
- адам капиталының сапасын арттыру саясаты;
- корпоративтік мәдениетті дамыту.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНЫ ЖӘНЕ ҚҰРАМЫ

2017 жылдың 31 желтоқсанына Қордың қызметкерлерінің штат саны 371 адамды құрайды.

Соңғы үш жылда Қордың штат саны өзгеріссіз қалды.

Қызметкерлердің құрамы, адам

Көрсеткіштің атауы	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Топ-менеджмент	7	7	7
<i>олардың ішінде әйелдер</i>	2	1	1
Құрылымдық бөлімшелер мен аймақтық филиалдардың басшылары	36	36	41
<i>олардың ішінде әйелдер</i>	11	14	13
Әкімшілік қызметкерлері	328	328	323
<i>олардың ішінде әйелдер</i>	188	171	155
Жиыны	371	371	371
<i>олардың ішінде әйелдер</i>	201	186	169

КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

2016 жылы Қорда құрылымдық бөлімшенің/ аймақтық филиалдық басшысы жұмысын орындай алатын қызметкерлерді қосуды болжайтын кадрлық резервке іріктеудің жаңа қағидасы енгізілді. Кадрлық резерв жұмыскерлерін қалыптастыру және дамыту бойынша жұмыстар 2017 жылы жалғастырылды. Резервте тұрған қызметкерлер үшін БО бас-

шыларынан шеберлік-сыныптары, Қордың Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорымен, Қордың Басқарма Төрағасымен кездесулер ұйымдастырылды.

2017 жылы кадрлық резервтен бір қызметкер құрылымдық бөлімшенің басшысы лауазымына тағайындалды.

632

Қордың қызметкерлері 47 семинарларда 632 рет оқудан өткен. Кейбір қызметкерлер бір жыл ішінде бірнеше рет, оның ішінде корпоративтік форматта оқудан өткен. 13 қызметкер MBA бағдарламалары бойынша оқудан өтті.

РОТАЦИЯ

Қор қызметкерлердің ішкі әлеуетін барынша пайдалану және орнын басушылық саясатын ұстанады. Ротация болашақ басшыларды анықтаудың үздіксіз процесінен және олардың кәсіби, басқару және көшбасшылық құзыреттерін дамыту бойынша мақсатқа бағытталған жұмыстан тұратын неғұрлым тиімді орнын басушылықты жоспарлауға себін тигізеді. Қызметкерлердің ротациясы көмегімен Қормен қол жеткізілетін міндеттер:

- ротация процесінде қызметкерлермен жаңа білімдерді, дағдылар мен іскерліктерді алу есебінен адам капиталын жақсарту;
- Қордың бизнес-процестері мен қолданыстағы ішкі құжаттарын «сергек бас әсерінің» әсерімен оңтайландыру;

- қызметкерлерді материалдық емес ынталандыру;
- кадрлық резервті дамыту бағдарламасының тиімділігін арттыру.

Бұл құрал жұмыста белсенді қолданылады. Адам ресурстарын басқару департаменті кейіннен қажетіне қарай басшы лауазымды атқара алатын елеулі әлеуетке ие қызметкерлерді анықтайды.

2017 жылы Қорда 43 қызметкерлердің ротациясы жүзеге асырылды, оның ішінде 3 қызметкер – басшы лауазымына, 5 басшы қызметкерлер – бас офис пен аймақтық филиалдар арасында.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРУ

Қызметкерлердің біліктілігін көтеру мақсаты қызметкерлерді дайындау мен оқытудың тиімді жүйесін құру, басшы қызметкерлердің басқару құзыреті мен көшбасшылық әлеуетін дамыту, қызметкерлермен Қордың мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін кәсіби білімдер мен дағдыларды алу болып табылады.

Аталған саясатты іске асыру мақсатында тұрақты негізде жоғары тиімді қызметкерлерді тарту және ұстап қалу бойынша, сондай-ақ

қызметкерлердің білім деңгейі мен дағдыларын көтеру бойынша жұмыстар жүргізіледі. 2017 жылы Қор Басқармасының шешімімен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қызметкерлерін оқыту жоспары (2017 жылдың 5 қаңтарындағы № 02/2017 хаттамасы) бекітілді. Қордың қызметкерлері 47 семинарларда 632 рет оқудан өткен. Кейбір қызметкерлер бір жыл ішінде бірнеше рет, оның ішінде корпоративтік форматта оқудан өткен. 13 қызметкер MBA бағдарламалары бойынша оқудан өтті.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ТҰРАҚТАМАУЫ

2017 жылы қызметкерлердің тұрақтамауы жоспарлы 20% кезінде 12,4% құрады. Соңғы 3 жыл ішінде қызметкерлердің тұрақтамау коэффициенті төмендеу батылысына ие.

2017 жылы 44 жаңа қызметкерлер жұмысқа қабылданды, оның ішінде 18 әйел. Олардың

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Қорда еңбек тиімділігін арттыру саясаты Қоғамның стратегиялық мақсаттарын, Қоғамның стратегиясы мен бизнес-жоспарларын

қызметкерлерді ынталандыру және көтерме-леу, еңбекті бағалау саясатымен байланыстыру мақсатында жасалады.

Барлық қызметкерлер Қордың стратегиялық міндеттерден туындайтын мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағдарланған. Қызметкерлердің нәтижелілігін бағалау нақты міндеттерді орындауға байланысты болады, бұл қызметкердің қызметінің негізгі тиімділік көрсеткіштерімен расталуы тиіс, осымен байланысты Қорда тоқсан сайын әкімшілік қызметкерлерінің қызметін бағалауды жүргізеді, оның негізінде қызметкерлердің ақпараттық қызметтеріне сәйкестігі және қойылған мақсаттарға қол жеткізу дәрежесі анықталады. 2017 жылы өткізілген әрбір қызметтің салымын бағалаудың негізінде грейдерлердің жүйесін әзірлеу және оның Қордың мәнісіндегі маңызын өлшеу бойынша жұмыс жүргізілді.

Қордың қызметкерлері Қор бюджетінде қарастырылған қаражаттардың есебінен жыл сайынғы медициналық сақтандырумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, Қордың қызметкерлеріне жыл сайынғы еңбек демалысын беру кезінде екі лауазымдық айлық мөлшерінде материалдық көмек, некеге тұру кезінде (2017 жылы 12 жағдай), сәби дүниеге келген кезде материалдық көмек (41 жағдай) көрсетіледі, сондай-ақ отбасы мүшесінің қайтыс болуымен байланысты материалдық көмек төленеді (7 жағдай).

Сонымен қатар, жүктілікпен және босанумен байланысты табысын жоғалту жағдайында әлеуметтік төлемнің сомасын шегерумен, орташа жалақыны сақтаумен жүктілік және босану бойынша демалыс төленеді.

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТТІ ДАМУ

Корпоративтік мәдениет қызметкерлерде ұйымшылдық, Қорға тиістілік сезімін дамытуды, корпоративтік құндылықтарға шынайы берілген, ең қиын жағдайларда тиімді шешімді таба алатын ниеттес адамдардың командасын қалыптастыруды болжайды. Жыл сайын қызметкерлердің қатысу дәрежесін талдау үшін сауалнама жүргізіледі, тұрақты іскерлік кездесулер, жұмыс топтарының және Қор Басқармасының жанындағы кадрлық саясат бойынша Комитеттің отырыстарын өткізеді.

2017 жылдың нәтижелері бойынша Қордың қызметкерлерінің қатысу және қанағаттанушылық деңгейі 2016 жылмен салыстырғанда өзгерген және 75% құрады.

Қорда Наурыз-2017 мерекелеу, корпоративтік тимбилдинг, бас офис пен аймақтық филиалдардың қызметкерлері үшін «Зияткерлік-эмоционалдық ойын» корпоративтік тренингі секілді ұйымдасуға, корпоративтік рухты тәрбиелеуге, мәдениетке себін тигізетін бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды және өткізілді.

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ


Қор жүйелі жұмысын қызметкерлердің қорғалуын арттыру бойынша реттік қадамға және қауіпсіз еңбек мәдениетін енгізуге бағыттады.

Қор Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау, өнеркәсіп және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнамасын сақтайды, сонымен қатар апатсыз жұмыстарды арттыру бойынша қосымша шараларды енгізеді.

Қор қызметкерлері Қордың кеңсе қызметкерлерінің еңбегін қорғау бойынша Нұсқаулықты басшылыққа алады. Нұсқаулықты талап-

тары жұмыс үдерісі кезінде, Қор кеңселерінде, қызметтік іссапарлар кезінде, сонымен қатар төтенше және апатты жағдайларда Қор қызметкерлері орындайтын барлық негізгі шараларға таралады.

22-кесте
2015–2017 жж. кезең үшін «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ тұрақтамау деңгейі



9

КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қор Қазақстанның кәсіпкерлікті қолдау бойынша мемлекеттік шаралардың негізгі операторы және интеграторы ретінде қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік факторларына жоғары дәрежеде мән береді және әлеуметтік жауапкершілікті өз қызметінің негізгі қағидаларының бірі ретінде қарастырады.

Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін сақтаудың сөзсіз басымдылығымен қатар Қор өзінің қызметі әсер ететін мүдделі тараптардың кең ауқымының – инвесторлардың, серіктестерінің, қарыз алушылардың, қызметкерлерінің, жеткізушілердің, бизнес-қауымдастықтардың, мемлекеттік басқару органдарының және жалпақ жұрттың алдында әлеуметтік-жауапты әрекет бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру кезінде Қор Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатты (бұдан әрі – Саясат) басшылыққа алады.

Саясаттың мақсаты Қордың қызметін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (бұдан әрі – КӘЖ) қағидаларына сәйкес қамтамасыз ету және барлық мүдделі тараптармен сенімгерлік қарым-қатынастарды нығайту болып табылады.

Саясат КӘЖ және тұрақты даму саласында халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық ережесі мен қағидаларын пайдалана отырып, КӘЖ саласында Қордың қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету кезінде Қор Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің келесі негізгі қағидаларын басшылыққа алады.

- 1) Ашықтық қағидасы. Қор компания, оның кәсіпкерлікті қолдау бойынша бағдарламалары, қызметінің жетістіктері мен нәтижелері туралы ақпараттың барынша ашықтығы мен сенімділігіне ұмтылады. Сонымен қатар Қор коммерциялық және Заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламауды да қадағалайды.
- 2) Әріптестік қағидасы. Қордың басшылары мен қызметкерлері өздері өзара әрекет ететін мүдделі тараптардың мүдделерін, күтулері мен қауіптенулерін зерттейді және бағалайды, сондай-ақ жаңа әріптестік қарым-қатынастарды қалыптастыруға және бар әріптестіктерді нығайтуға ұмтылады.
- 3) Икемділік қағидасы. Қор мүдделі тараптардың күтулері мен сұраныстарына, сондай-ақ нарық жағдайының өзгеруіне жедел әрекет етеді және өз қызметі мен кәсіпкерлікке қолдау көрсету құралдарына қажетті түзетулерді енгізеді.
- 4) Кешенді тәсіл қағидасы. Қор мүдделі тараптарға барынша көп пайда әкелетін жобалар мен кәсіпкерлікке бағдар алады, яғни олардың қызметінің экономика мен қоғамның дамуына қандай әсер беретіндігін ескереді.
- 5) Қызметкерлер алдындағы жауапкершілік қағидасы. Қор еңбек ақы төлеуді бәсекеге қабілетті деңгейімен және әлеуметтік кепілдіктермен жұмыс орындарын беруге ұмтылады, сондай-ақ қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын қалыптастырады. Өз қызметінде Қор әлеуметтік-еңбек қатынастары саласында нормалардың сөзсіз сақталуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ қызметкерлердің жан-жақты кәсіби дамуына және оқуына себін тигізеді.

КӘЖ саласындағы қызметтің тиімділігін бағалау кезінде Қор экономикалық көрсеткіштерді

МҮГЕДЕКТІГІ БАР

307

ӘЙЕЛ

2017 жылы «Мүгедектігі бар әйел кәсіпкерлердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» Жобасының аясында 307 мүгедектігі бар әйел оқудан өтті, олардың ішінде 45 әйел жұмысқа орналастырылды және 5-уі өз жеке бизнестерін ашты.

249

МҮГЕДЕК-КӘСІПКЕРЛЕРГЕ

2017 жылы «Даму-Көмек» Жобасының сайтында 226 өтінімдер орналастырылды, 249 мүгедек-кәсіпкерлерге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілді.

және қызметкермен жұмыс бойынша көрсеткіштерді басшылыққа алады.

2017 жылы КӘЖ саласындағы қол жеткізілген нәтижелер

№	Көрсеткіштер	Нәтиже
Экономикалық көрсеткіштер		
1.	Демеушілік/қайырымдылық көмекке қарастырылған Қордың бюджетіндегі қаражаттардың көлемі	2017 жылы шығындар шықпаған
2.	Оқу бағдарламаларына қатысушылардың саны	5 578 адам
3.	Бизнесін ашқан оқу бағдарламасының қатысушыларының үлесі	5,1%
4.	Кәсіпкерлердің өткізілген оқумен қанағаттану дәрежесі	99,6%
5.	Қашықтан қызметтерді алған клиенттердің саны	63 829 адам
6.	«Даму-Көмек» Жобасы бойынша қолдауды алған мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлердің саны	249 адам
7.	Қордың сатып алуларындағы қазақстандық қамтудың үлесі	75%
Қызметкерлермен жұмыс бойынша көрсеткіштер		
1.	Қызметкерлердің қатысушылық дәрежесі (эмоционалды)	88%
2.	Қызметкерлердің қатысушылық дәрежесі (қызметтік)	72%
3.	Қызметкерлердің қанағаттану дәрежесі	63%
4.	Қатысушылықтың және қанағаттанушылықтың біріктірілген мәні	75%
5.	Оқудан өткен Қордың қызметкерлерінің саны	Қордың қызметкерлері 47 семинарларда 632 рет оқудан өткен

Қазақстандық жеткізушілер мүдделі тараптардың біреуі болып табылады, және Қормен сатып алуларда жергілікті қамту үлесін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді. Жалпы 2017 жылы Қордың сатып алуларындағы жергілікті қамтудың көрсеткіші 75% құрады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарды кәсіпкерлік қызметті жүргізуге ынталандыру үшін жағдай жасау, ары қарай жұмысқа орналастыруға себін тигізетін олардың құқықтық және экономикалық сауаттылығын көтеру мақсатында, Қормен мүгедектігі бар адамдарға қажетті көмек көрсетуге бағытталған «Даму-Көмек» Жобасы әзірленді.

«Даму-Көмек» Жобасы олардың проблемалары мен оларға қажетті ресурстар туралы арнайы www.damu-komek.kz сайты арқылы

хабардарлық дәрежесін арттыру арқылы (қаржылай көмек, мүлік, кеңес берумен қолдау көрсету, басқа қызметтер) кәсіпкерлерге және мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсетуге бағытталған. Бұл ретте Қор қаржыландыруды ұсынбайды, бірақ мүмкіндіктері шектеулі кәсіпкерлер мен әлеуетті демеушілер және кредиторлар арасындағы байланыстырушы тізбек ретінде әрекет етеді. 2017 жылы «Даму-Көмек» Жобасының сайтында 226 өтінімдер орналастырылды, 249 мүгедек-кәсіпкерлерге демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетілді.

«Мүгедектігі бар әйел кәсіпкерлердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» Жобасы іске асырылуда. «Мүгедектігі бар әйел кәсіпкерлердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» Жобасының аясында мүгедектігі бар әйелдер кәсіби оқудан және жұмысқа шығуға психологиялық дайын-

дықтан өтеді, сондай-ақ тағылымдамадан өту, жұмысқа орналасу кезінде сүйемелдеу мен қолдауды алу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар, «Мүгедектігі бар әйел кәсіпкерлердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» Жобасы жұмыс берушілерге мүгедектігі бар жұмыскерді жалдау кезінде тәуекелді төмендетуге мүмкіндік береді, оларға кеңестер мен практикалық ақпаратты береді.

2017 жылы «Мүгедектігі бар әйел кәсіпкерлердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» Жобасының аясында 307 мүгедектігі бар әйел оқудан өтті, олардың ішінде 45 әйел жұмысқа орналастырылды және 5-уі өз жеке бизнестерін ашты. 2017 жылдың қазан айында «Мүгедектігі бар әйел кәсіпкерлердің кәсіпкерлік дағдыларын дамыту» Жобасының аясында жаттықтырушылар үшін үш күндік тренингтер өткізілді. 2017 жылы 19 қыркүйекте «Хабар» ТРК мүгедектігі бар әйелдердің қатысуымен «Жаңа күн» ток-шоуы түсірілді, ал 2017 жылдың 22 желтоқсанында Алматы қаласында «Жұмыспен қамту, кәсіпкерлік және табыс әкелетін қызметтің басқа нысандары үшін әлеуметтік осал әйелдердің мүмкіндіктерін ілгерілетуге жәрдем беру» тақырыбына дөңгелек үстел өткізілді.

2017 жылдың 7 сәуірінде Қордың Директорлар кеңесімен Қордың экологиялық саясаты (бұдан әрі осында – Саясат) бекітілді (№ 78 хаттама).

Саясат ықтимал позитивті экологиялық әсерлерді арттыруға, бағдарламаларды дайындау және іске асыру кезіндегі теріс экологиялық салдарларды болдырмауға немесе оларды азайтуға, тұрақты дамуға қаржыландырылатын бағдарламалардың салымын қамтамасыз етуде себін тигізуге бағытталған.

Саясаттың мақсаттары:

- ықтимал теріс экологиялық әсерді төмендету және Қордың қызметінен ықтимал позитивті экологиялық әсерлерді көтеру;
- экологиялық тәуекелдерді басқару жүйелерін тиісті деңгейде ұстау және әзірлеу үшін ЕДБ/ЛК/МҚҰ ынталандыру;
- жобаларды қаржыландыру және оларды іске асыру туралы шешім қабылдау кезінде іске асырылатын бағдарламалардың қоршаған ортаға әсер ету саласында жұртшылықтың мүдделерін есепке алу.

Басқалармен қатар, Қордың қызметі табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаны қорғауға және жалпы тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған.

Саясат Қордың қызметіндегі экологиялық факторларды есепке алу және мониторинг тәсілдері мен қағидаларын анықтайды.

Қор ЕДБ/ЛК/МҚҰ хабардар ету және оларға экологиялық талаптарды қосу есебінен ЕДБ/ЛК/МҚҰ бағдарламаларды іске асыру кезінде теріс экологиялық әсердің алдын алу үшін уақытылы шараларды қабылдауға себін тигізуге ұмтылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ

11

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

2017 жылы Алматы қ. Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің, тыл еңбеккерлерінің және соғыс балаларының кеңесіне тапсырылған Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және тыл еңбеккерлеріне қайырымдылық көмек көрсетуге қаражаттарды ерікті жинау ұйымдастырылды.

12

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫ ЕСЕПТЕМЕСІ

Қаржы жағдайы туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсаны
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	44,074,930	44,027,014
Табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	2,659,323	6,069,581
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	225,578,278	242,464,446
Субсидиялау бағдарламалары бойынша дебиторлық берешек	34,550	43,508
Клиенттерге несиелер мен аванстар	3,324,539	76,141
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар	567,017	556,791
Негізгі құралдар	2,497,187	2,739,107
Материалдық емес активтер	292,674	308,797
Табысқа салынатын салық бойынша ағымдағы міндеттемелердің алдын ала төлемі	13,721,713	11,054,657
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	1,360,967	–
Басқа активтер	25,801,698	42,094,226
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	319,912,876	349,434,268
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Қарыз қаражаттары	203,002,903	223,869,751
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	3,177,338	14,341,822
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	6,065,416	5,412,132
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резервтер мен болашақ кезеңдердің кірістері	5,263,531	5,263,218
Басқа міндеттемелер	1,255,534	1,842,566
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	218,764,722	250,729,489
КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	72,920,273	72,920,273
Қосымша төленген капитал	834,527	834,527
Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	70,337	61,588
Басқа резервтер	316,430	316,430

(қазақстандық мың теңгемен)	2017 жылдың 31 желтоқсаны	2016 жылдың 31 желтоқсаны
Бөлінбеген пайда	27,006,587	24,571,961
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	101,148,154	98,704,779
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	319,912,876	349,434,268

Пайда немесе шығын және басқа да жиынтық табыс туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	2017	2016
Пайыздық табыстар	34,796,892	35,545,591
Пайыздық шығындар	(7,629,888)	(8,772,625)
Таза пайыздық табыстар	27,167,004	26,772,966
Клиенттерің несиелерінің және қаржылық ұйымдардағы қаражаттарының құнсыздану резервіне аударымдар	(6,882,412)	(11,991,580)
Несиелік қоржынның құнсыздану резервін қалпына келтіруден кейінгі таза пайыздық табыстар	20,284,592	14,781,386
Комиссиялық табыстар	4,158,138	2,784,928
Қаржылық туынды құралдармен операциялардан табыстарды шегерумен шығындар	(12,492,609)	(7,776,854)
Пайда немесе шығын арқылы ақиқат құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалау табысын шегергендегі табыс	292,507	343,775
Шетелдік валютамен операцияларының шығындарын шегергендегі табыстар	17,032	(57,851)
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан шығындарды шегергендегі табыстар	2,140,311	2,092,262
Нарықтан төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау кезінде туындайтын таза шығын	(4,278,421)	–
Басқа активтердің құнсыздануының резерві	(34,850)	(5,103)
Несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резервті қалпына келтіру	207,212	283,234
Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды қалпына келтіру	–	103,797
Өтуге дейін ұсталатын инвестициялық бағалы қағаздардың құнсыздануымен резервті қалпына келтіру	183,337	–
Басқа операциялық табыстар	40,818	51,657
Жалпы және әкімшілік шығындар	(5,311,830)	(5,157,061)
Салық салғанға дейінгі пайда	5,206,237	7,444,170
Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	(1,093,393)	(1,850,874)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	4,112,844	5,593,296
Басқа жиынтықты табыс/ (шығын):		

(қазақстандық мың теңгемен)	2017	2016
<i>Салдарынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>		
Сату үшін қолданыста бар инвестициялар:		
– Бір жылдағы шығындарды шегерумен табыстар	8,749	42,166
– Шығу немесе құнсыздану нәтижесінде табысқа немесе шығынға ауыстырылған шығындарды шегергендегі табыстар	–	(103,797)
Бір жылдағы басқа жиынтықты табыс/(шығын)	8,749	(61,631)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫСТЫҢ ЖИЫНЫ	4,121,593	5,531,665

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалау қоры	Басқа резервтер	Бөлінбеген табыс	Жиыны
2016 жылдың 1 қаңтарына қалдық	72,920,273	834,527	123,219	316,430	20,978,740	95,173,189
Бір жылдағы табыс	–	–	–	–	5,593,296	5,593,296
Басқа жиынтық табыс	–	–	(61,631)	–	–	(61,631)
Бір жылдағы жиынтықты (шығын)/кіріс жиыны	–	–	(61,631)	–	5,593,296	5,531,665
Төленген дивидендтер	–	–	–	–	(2,000,075)	(2,000,075)
2016 жылдың 31 желтоқсанына қалдық	72,920,273	834,527	61,588	316,430	24,571,961	98,704,779
Бір жылдағы табыс	–	–	–	–	4,112,844	4,112,844
Басқа жиынтық табыс	–	–	8,749	–	–	8,749
Бір жылдағы жиынтықты табыс жиыны	–	–	8,749	–	4,112,844	4,121,593
Төленген дивидендтер	–	–	–	–	(1,678,218)	(1,678,218)
2017 жылдың 31 желтоқсанына қалдық	72,920,273	834,527	70,337	316,430	27,006,587	101,148,154

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

(қазақстандық мың теңгемен)	2017 ж.	2016 ж.
Операциялық қызметтен ақша қаражаттарының қозғалысы:		
Алынған пайыздар	13,855,520	21,318,878
Төленген пайыздар	(3,383,249)	(4,268,908)
Алынған комиссиялар	3,941,384	4,199,835
Қаржылық туынды құралдармен жасалған операциялар бойынша алынған табыстар	4,702,293	–

(қазақстандық мың теңгемен)	2017 ж.	2016 ж.
Басқа да операциялық қызметтен түсімдер	894,000	91,867
Еңбек ақы төлеу бойынша шығындар, төленген	(1,876,279)	(1,774,666)
Жалпы және әкімшілік шығындар, төленген	(4,012,811)	(4,865,365)

Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгертулерге дейін операциялық қызметтен алынған ақша қаражаттары	14,120,858	14,701,641
---	-------------------	-------------------

Таза төмендеу/(өсім):

- табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар бойынша	3,808,000	779,741
– қаржы мекемелеріндегі қаражаттар бойынша	6,854,215	10,405,411
– клиенттерге несиелер мен аванстар бойынша	8,618,886	493,822
– басқа активтер бойынша	(2,820,108)	(1,464,409)

Таза (төмендеу)/өсім:

– басқа қаржылық міндеттемелер бойынша	(10,531,427)	(918,826)
– басқа міндеттемелер бойынша	(154,785)	138,404

Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаттары	19,895,639	24,135,784
--	-------------------	-------------------

Инвестициялық қызметтен ақша қаражаттары

Сату үшін қолданыста бар инвестициялық бағалы қағаздарды өткізуден және өтеуден түсімдер	–	2,000,000
Негізгі құралдарды сатып алу	(64,372)	(156,102)
Негізгі құралдардың шығуынан түсім	1,499	425,233
Материалдық активтерді сатып алу	(97,363)	(130,432)

Инвестициялық қызметте (пайдаланылған)/ алынған таза ақша қаражаттары	(160,236)	2,138,699
--	------------------	------------------

Қаржылық қызметтен ақша қаражаттары

Алынған қарыз қаражаттары	28,969,693	9,300,000
Қарыз қаражаттарын өтеу	(51,909,898)	(22,777,233)
Төленген дивидендтер	(1,678,218)	(2,000,075)

Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары	(24,618,423)	(15,477,308)
--	---------------------	---------------------

Айырбастау бағамының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына әсері	4,930,936	(23,147)
---	------------------	-----------------

Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсімі	47,916	10,774,028
--	---------------	-------------------

Кезеңнің басына ақша қаражаттары мен олардың баламалары	44,027,014	33,252,986
---	------------	------------

Кезең соңына ақша қаражаттары және олардың баламалары	44,074,930	44,027,014
--	-------------------	-------------------

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қаржы есептемесінің толық жиынтығымен, аудитордың қорытындысын қоса, Қордың сайтында танысуға болады.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Егер тараптар жалпы бақылауда болатын болса, немесе олардың біреуі екіншісін бақылау мүмкіндігіне ие болатын болса, немесе екінші тараппен қаржылық және операциялық шешімдерді қабылдау кезінде елеулі әсер ете алатын болса, тараптар байланысты болып саналады. Барлық байланысты тараптармен өзара қарым-қатынастарды қарастыру кезінде, тек олардың заңды нысандары ғана емес, мұндай өзара қарым-қатынастардың экономикалық мазмұны да назарға алынады.

Төменде байланысты тараптармен операциялар бойынша 2017 жылдың 31 желтоқсанына қалдықтар көрсетілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	Жалғыз Акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Қауымдастырылған компаниялар	Басқа байланысты тараптар
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	–	–	–	18,692,460
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздар	–	–	–	1,479,517
Қаржы мекемелеріндегі қаражаттар	–	–	–	–
Пайдаға салық бойынша ағымдағы міндеттемелерді алдын ала төлеу	–	–	–	13,721,713
Басқа активтер	–	–	8,000	62,847
Қарыз қаражаттары	71,948,648	–	–	58,581,573
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	–	273	–	1,758,695
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме	–	–	–	6,065,416
Болашақ кезеңдердің табыстары және несие сипатындағы міндеттемелер бойынша резерв	–	–	–	–
Басқа міндеттемелер	–	–	–	560,427

Төменде 2017 жылғы байланысты тараптармен операциялар бойынша табыстар мен шығындардың баптары көрсетілген:

(қазақстандық мың теңгемен)	Жалғыз акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Басқа байланысты тараптар
Пайыздық табыстар	–	202,222	212,286
Пайыздық шығындар	(4,468,358)	(146)	(1,186,239)
Табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын бағалы қағаздарды қайта бағалаудан шығындарды шегерумен табыстар	–	–	330,496
Комиссиялық табыстар	–	107,910	–

(қазақстандық мың теңгемен)	Жалғыз акционер	Жалпы бақылаудағы компаниялар	Басқа байланысты тараптар
Әкімшілік және басқа операциялық шығындар	–	(6,987)	(33)
Пайдаға салынатын салық бойынша шығындар	–	–	(1,093,393)

Төменде негізгі басшылыққа сыйақы төлемдері туралы ақпарат ұсынылған:

(қазақстандық мың теңгемен)	2017 ж.	2016 ж.
<i>Қысқа мерзімді төлемдер:</i>		
– Жалақы	157,925	172,955
– Қысқа мерзімді сыйлықақы төлемдері	6,829	57,125
Ақшалай емес нысандағы төлемдер	9,384	13,533
Жиыны	174,138	243,613

Байланысты тараптармен операциялар – қамтамасыз етуді.

Байланысты тұлғалардың күдікті борыштарының болмауымен байланысты күдікті борыштар бойынша бағалау резервтері жасалмаған.

1-ҚОСЫМША

2017 ЖЫЛЫ ҚОРМЕН ЖАСАЛҒАН МҮДДЕЛІЛІКПЕН МӘМІЛЕЛЕР ЖӘНЕ ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мүдделі мәміле туралы ақпарат

Шарт бойынша контрагенттің атауы	Шарттың нөмірі және жасалған күні	Шарттың мәні
«Технопарк «Сары-Арка» ЖШС	2017 жылдың 7 наурызы № 37	Тұрғын емес үй-жайды жалдау бойынша қызметтерді сатып алу

Ірі мәміле туралы ақпарат

Шарт бойынша контрагенттің атауы: Азия Даму банкі

Шарттың нөмірі және жасалған күні: № 3447-KAZ 2017 жылдың 13 қазаны

Шарттың мәні: қарызды тарту

Шарттың маңызды шарттары:

1. АДБ қарыз сомасы – 200 млн АҚШ доллары ұлттық валютадағы (теңге) баламасы – 2 млрд теңге.
2. АДБ қарыз мерзімі – 36 ай.
3. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі келесі екі құрамдас бөліктерден құралады: ҚР ҰБ ½ базалық пайыздық мөлшерлемесі (бірақ тоқсан сайын қарастырылатын жылдық 7% кем емес); АДБ суверенді кепілдік берілген қарыздарын тиімді шарттық өтеу (жылдық 0,50%).
4. Аталған қарыз Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігімен тартылады, оның арқасында кәсіпкерлер қарыз қаражаттарының есебінен жеңілдікті несиелеуді алуға сенім арта алады.

Мәмілені жасау туралы шешім қабылдаған Қордың уәкілетті органының шешімінің күні мен нөмірі: Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 76 шешімі.

МЕКЕН-ЖАЙЛАР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫСТАР

Бас офис:

А05С9У3, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111

тел.: +7 (727) 244-55-66,

факс: +7 (727) 278-07-76

e-mail: info@fund.kz

Қордың сайты: www.damu.kz

Call-центр: +7 (727) 244-55-77,

қысқа нөмір 1408 (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін)

Филиалдық желі:

1. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Астана қ. бойынша аймақтық филиал

Z01C1B2, Астана қ., Алматы ауд., Мәңгілік Ел к-сі, 55 А

тел.: +7 (7172) 55-94-38

факс: +7 (7172) 55-92-13

e-mail: astana@fund.kz

2. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Алматы қ. бойынша аймақтық филиал

A25D6X7 Алматы қ., Достық даңғ., 192/2, «Green Tower» бизнес-орталығы

тел.: +7 (727) 244- 55-66,
244-55-77 (ішк. 3100)

e-mail: almaty@fund.kz

3. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Ақмола облысы бойынша аймақтық филиал

C00G9B9, Көкшетау қ., Ақан сері к-сі, 46/1

тел.: +7 (7162) 55-11-16, 55-11-18

факс: +7 (7162) 33-38-67

e-mail: akmola@fund.kz

4. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Ақтөбе облысы бойынша аймақтық филиал

D00K9D9, Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан к-сі, 51/1

тел.: +7 (7132) 55-24-36, 70-38-08

факс: 8 (7132) 55-24-35

e-mail: aktobe@fund.kz

5. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Алматы облысы бойынша аймақтық филиал

B01G6D5, Талдықорған қ., Төлебаев к-сі, 86

тел.: +7 (7282) 24-24-30, 55-87-10

факс: +7 (7282) 24-17-27

e-mail: taldyk@fund.kz

6. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Атырау облысы бойынша аймақтық филиал

E01X8K9, Атырау қ., Азаттық даңғ., 17

тел.: +7 (7122) 55-81-01, 55-80-91

факс: +7 (7122) 35-46-51

e-mail: atyrau@fund.kz

7. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал

F00M3F5, Өскемен қ., Жеңіс даңғ., 6

тел.: +7 (7232) 25-11-12,

56-05-90, 56-05-93

факс: +7 (7232) 25-11-12

e-mail: vko@fund.kz; damu-vko@mail.ru

8. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

Жамбыл облысы бойынша аймақтық филиал

H01X4X8, Тараз қ., Желтоқсан к-сі, 94

тел.: +7 (7262) 54-11-50

факс: +7 (7262) 54-11-51

e-mail: damu-reception@fund.kz

9. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Батыс Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал

L02K7D7, Орал қ., Темір Масин к-сі, 67/2
құрылысы
тел.: +7 (7112) 55-48-08
e-mail: zko@fund.kz

10. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Қарағанды облысы бойынша аймақтық филиал

M01K7F9, Қарағанды қ., Ермеков к-сі, 29
тел.: +7 (7212) 55-90-20,
e-mail: karaganda@fund.kz

11. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Қызылорда облысы бойынша аймақтық филиал

N02B7B1, Қызылорда қ., Иван Журба к-сі, 12
тел.: +7 (7242) 55-11-12, 55-11-18
e-mail: damu@list.ru

12. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Қостанай облысы бойынша аймақтық филиал

P00F8C6, Қостанай қ., Әл-Фараби даңғ., 65
тел.: +7 (7142) 54-15-83, 54-24-41,
99-03-05, 54-03-06
факс: +7 (7142) 53-23-98
e-mail: kostanay@fund.kz

13. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Маңғыстау облысы бойынша аймақтық филиал

R00A7D3, Ақтау қ., 16 ықш. ауд., 24
тел.: +7 (7292) 70-10-51
факс: +7 (7292) 30-43-04
e-mail: aktau@fund.kz

14. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Павлодар облысы бойынша аймақтық филиал

S03G9X0, Павлодар қ., Короленко к-сі, 109
тел.: +7 (7182) 70-38-02, 70-38-10
факс: +7 (7182) 20-83-53
e-mail: pavlodar@fund.kz

15. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Солтүстік Қазақстан бойынша аймақтық филиал

T01E6A4, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 191
тел.: +7 (7152) 55-98-10
e-mail: Sayagul.Amanova@fund.kz

16. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша аймақтық филиал

X08X0H6, Шымкент қ., Байтұрсынов к-сі, 88В,
тел.: +7 (7252) 99-70-49, 29-48-11

17. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы
Шығыс Қазақстан облысы бойынша Семей қ. аймақтық филиалдың өкілдігі

F16T7G3, Семей қ., Абай ал., 5
тел.: +7 (7222) 52-01-59
e-mail: cprsemey@mail.ru

18. Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы

X43D7G7, Түркістан қ., Қожанов к-сі, 7
тел.: +7(72533) 59-98-2

Толықтырылған нақтылық технологиясының негізінде жасырын контентті көру үшін:

1. Google play және App Store смартфонға немесе планшетке Focus On қосымшасын жүктеп алыңыз
 2. Қосымшаны қосыңыз, авторландырудан өтіңіз
 3. Экранның төменгі бөлігіндегі «F» түймешігін басыңыз және жылдық есептің мұқабасына және б бетке апарыңыз.
 4. Сіз смартфонның немесе планшеттің экранынан аталған бетке жасырын контентті көресіз.
-

Жылдық есеп «Даму-Өндіріс» өңдеу өнеркәсібі саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету бағдарламасы бойынша 2018 жылы сатылып алынған жабдықта басып шығарылған, және қоршаған ортаға залал келтірмей арнайы технология бойынша өндірілген жылтыр қағазда басып шығарылған.



«Эксперт РА Казахстан» Рейтингтік агенттігі
(Алматы, Қазақстан)



Дизайн және беттеу –
«Национальное Брендинговое Агентство «Казхстанника» ЖШС
(Алматы, Қазақстан)



баспаханасында басып шығарылған
«Индиго Принт»
(Астана, Қазақстан)

